БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 236 (9554) ‖ 1954 жылғы 28 ноябрь Жексенбі ‖ Шығуына 35 жыл. Жеке саны 20 тиын.

**БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:**

**С. Лекеров.** —Мал шаруашылығын өркендетуге МТС нашар көмектесуде. (1-бет).
Т. С. Мальцев әдісі—астық өндірісін арттыру әдісі. (2-бет).
**С. Қанафин.** —«Баян» колхозында (2-бет).
**В. Смирнов.** —Халықтық Албанияға он жыл (2-бет).
**А. Я. Вышинскийді жерлеу** (3-бет).
Еңбекшілер депутаттары қалалық Совет атқомінің қарары (3-4-беттер).
БҰҰ Бас Ассамблеясының IX сессиясында (4-бет).
Совет Одағының 1954 жылғы 13 ноябрьдегі нотасына Югославия Үкметінің жауабы (4-бет).
Шетел хабарлары (4-бет).

## Өндіріс комбинаттары

Халық тұтынатын көпшілік қолды товарларды көп өндіру және олардың сапасын жақсарту жөнінде партиямыз бен үкметіміз алға қойған міндеттерді мүлтіксіз орындау ісінде жергілікті және отын өнеркәсіп мекемесі жүйесіндегі өндіріс комбинаттары үлкен роль атқарады. Олар жаңа техника мен озат технологияны өндіріске кеңінен енгізе және ішкі резервтерді толық пайдалана отырып, көпшілік тұтынатын товарлар шығаруды үздіксіз ұлғайтуға, өнімнің сапасын жақсартып, өзіндік құнын кемітуге тиіс.

Облыстың өндіріс комбинаттары соңғы жылдар ішінде бұл жөнінде біраз жұмыстар істеді. Советтік жаңа техника мен озат технологияны өндіріске енгізу ісі едәуір жақсартылды. Сөйтіп, шығарылатын көпшілік қолды товарлардың ассортиментін көбейтіп, өнімнің өңделу сапасының жоғары болуын, сондай-ақ, оның мықты, сыртқы түрі жағынан жақсы, ұнамды және сәнді болуын қамтамасыз етуде бірталай игілікті нәтижелерге қол жетті.

Еңбек өнімділігін еселеп арттырып, шығарылатын өнімнің көп және сапалы болуын қамтамасыз етуде қол жеткен нәтижелер ең алдымен өндіріс комбинаттарының отандық жаңа техникамен жылма-жыл мол жабдықталуының арқасы. Үстіміздегі жылдың өзінде ғана облыс комбинаттары 11-ден астам әртүрлі техникалық жабдықтар алды. Ал мұнымен бірге, Приешім, Преснов аудандық өндіріс комбинаттарының әрқайсысы мемлекетімізден 60 киловаттық күші бар электр станциясын алып жұмысқа қосты.

Облыстың бірсыпыра алдыңғы қатарлы комбинаттары өнімді оның түр-түрі бойынша көп және сапалы шығарудың барлық мүмкіншіліктерін пайдалануға жете көңіл бөле отырып, еңбек ұйымдастыру ісін біраз жақсартуға, өнім шығаруды ұлғайтуға жетісті. Осының нәтижесінде үстіміздегі жылдың өткен он айы ішінде облыс комбинаттары бойынша жалпы өнім шығару жөніндегі жоспар 116 процент, товарлы өнім шығару жөніндегі өндірістік жоспар 125 процент орындалды. Бұл мерзім ішінде 11 миллион 270 мың сомның орнына, 13 миллион 89600 сомның өнімі, ауыл шаруашылығына қажетті құрал-саймандар және көпшілік тұтынатын бұйымдардың түр-түрлері өндіріліп, облыстың колхоздарына, совхоздарына және МТС-теріне жөнелтілді. Оның үстіне көпшілік қолды товарлар кооперативтік сауда орындарына түсірілді. Өткен 1953 жылдың он айында 2 миллионнан астам кірпіш, 1 миллион 57 мың сомның киім-кешектері өндіріліп, 497900 сомдық мебель жасалса, үстіміздегі жылдың сол мерзімінде 3 миллион 29 мың кірпіш, 3 миллион 535 мың сомның киімі тігіліп, 619400 сомның мебелі шығарылды.

Өнімді сапалы және көп шығаруда Приешім аудандық өндіріс комбинаты (директоры Сердюк жолдас), Булаев аудандық өндіріс комбинаты (директоры Балашов жолдас), Полудень аудандық өндіріс комбинаты (директоры Кравцун жолдас) жақсы көрсеткіштерге ие болды.

Жергілікті өндіріс комбинаттарында еңбек өнімділігін барынша арттыруға толық мүмкіндіктер бар. Мәселе осы мүмкіндіктерді толық пайдалана отырып, еңбекшілердің өскелең тілегіне сай жұмыс істеуде. Міне, бұл салада әлі де болса көптеген кемшіліктерге жол берілім отыр. Жергілікті өнеркәсіп комбинаттарының ауыл шаруашылығы үшін көптеген құрал-саймандар, күнделікті тұрмысқа қажетті бұйымдар: балалар

## Мал шаруашылығын өркендетуге МТС нашар көмектесуде

Октябрь ауданының Коновалов МТС-нің қамтуындағы колхоздар қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жөнінде өте артта қалып келеді. Соңғы үш-төрт жыл бойы колхоздарда малды жоспарға сай өсіруде, оның өнімділігін арттыруда елеулі кемшіліктерге жол берілуде. Тек быйылдың өзінде ғана мұнда жоспарда көрсетілген мөлшерге мыңдаған мал жетпейді. Әсересе сиыр, қой-ешкі мен құстың өсу дәрежесі өте төмен. Ал МТС қамтуындағы жеті колхоздың бірде-бірінде мал өсіру жоспары барлық түлік бойынша толық орындалған жоқ.

Бұл сияқты кемшіліктердің орын алуы еңалдымен колхоздарда малдың жемшөппен, жылы және жайлы қорамен қамтамасыз етілуінің нашарлығында. Соның салдарынан көп колхоздарда қыс маусымында малға жемшөп толық жетпейді, мал жайсыз қораларда тығыз орналастырылады. Мысалы, өткен жылы МТС бойынша колхоздарда керекті жемшөптің жарымы ғана дайындалды. Мал қораларын жаңадан салу, бұрынғыларын жөндеу жұмысы қанағаттанғысыз жүргізілді. Мұның бәрі мал қыстату науқанының ойдағыдай өткізілмеуіне әкеліп соқты. Бірқатар колхоздарда мал шығынына, малдың қоңы төмендеп, арықтап кетуіне жол берілді. Осыдан келіп аналық малдардың іш тастауы көбейді. Ал мал шаруашылығына қолма-қол басшылық етуге міндетті МТС басшылары көбінесе мәліметтер жыйнаумен ғана шұғылданды. Онда істейтін мал мамандары колхозда сирек болады, бара қалса, колхоз басқармасы кеңсесінен қайтады, малшылармен кездеспейді, олардың алдында тұрған шұғыл міндеттерді орындауға көмектеспейді.

—МТС-тің мал мамандары, еңалдымен бас мал дәрігері Кирилов жолдас мал шаруашылығын өркендету ісінде бізге нақтылы көмек көрсетпей келеді, — деп қынжылады «Победа» колхозының председателі Макевнин жолдас. —Біздің колхоз аудан орталығына таяу тұрса да, жыл басынан бері Кирилов жолдас бізге бір рет те келген емес.

Бұл, әрине, өте қынжыларлық іс. МТС мамандарының өздерінің міндетін атқаруға жауапсыз қарап жүргендіктері салдарынан колхоздарда малдың індетке ұшы... отыр. «Гигант» колхозында үстіміздегі жылы туған қозының теңжарымына жуығы шығынға ұшырады. Мұндай жағдай «Интернационал», «Трудовик» колхоздарында да болды.

Колхоздарда малды ішкі қажеттерге орынсыз жұмсауға жол беріліп келеді. Мысалы, «Победа» колхозында быйылдың өзінде 83 мал, «Интернационал» колхозында 37 мал сатылып, «ішкі қажеттерге» жұмсалып кеткен. Мұның өзі колхоздарда мал санының, оның ішінде төлдейтін малдың азаюына әкеліп соғып жүр. Тек үстіміздегі жылдың он айы ішінде ғана «Гигант» колхозында сиыр малының 35 проценті, Чапаев атындағы колхозда 31 проценті жоспардағыдан кем болуы осыны дәлелдейді.

Басты кемшіліктің бірі — малдың тұқымын асылдандыру, оның өнімділігін арттыру жұмыстарына мән бермеушілікте болып отыр. МТС бойынша быйыл әрбір сауын сиырдан сауылған сүт орта есеппен 1281 литрден ғана келді. Ал «Путь к коммунизму», «Интернационал» колхоздарында сауылған сүт мөлшері бұдан да кем. Сондай-ақ, колхоздарда қойлардан қырқылған жүн жоспардағыдан 1400 грамм кем алынды. «Трудовик», «Победа» және Чапаев атындағы колхоздарда сүтті талан-таражға салу фактілері де жиі кездесуде. Істің жайы осындай бола тұрса да, бұған МТС, колхоз басшылары қынжылар емес.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы колхоздардағы қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуге, одан алынатын өнімдерді арттыруға ерекше көңіл бөліп, шаруашылықтың бұл саласындағы артта қалушылықты жоюдың шұғыл міндеттерін қойды. Бұл міндетті орындау жолындағы күресте мал қыстату науқанын ойдағыдай өткізудің маңызы үлкен. Ал бұл үшін қысқа барлық жағынан мұқият әзірленіп, қоғамдық малдың күйлі қыстатылуын қамтамасыз ету керек еді. Бірақ Коновалов МТС-інде бұл істің жайы да мүлдем қанағаттанғысыз. Колхоздардың көпшілігі мал қыстатуға әзірліксіз кірісті. МТС бойынша жемшөп дайындау жоспарының жарымы да орындалмады. «Интернационал», «Путь к коммунизму», «Трудовик» колхоздарында да... тында қалып қойды. Дайындалған жемшөпті мал қыстайтын орындарға тасу ісі де мәз емес. Мал азығына нақтылы күзет болмағандықтан жемшөптің кей жерлерде талан-таражға салынуы сияқты фактілер де орын алып отыр.

Колхоздарда қоғамдық малды қоралармен қамтамасыз етудің де жайы қанағаттанғысыз. Үстіміздегі жылы мұнда жаңадан көптеген мал қораларын салу белгіленді. Бірақ содан бірде-бір қора салынған жоқ. Бұрынғы қоралардың жөнделуі де нашар. Ал фермалардағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру жөнінен МТС колхоздарында мардымды ешнәрсе істелмеген. Сөз жоқ, бұл кемшіліктер мал санын өсіруге, өнімділігін арттыруға зиянды әсерін тигізбей қоймады. Амал не, мұны біле тұра МТС басшылары осы кемшіліктерді тез арада жоярлықтай тиісті шара қолданбай келеді.

МТС басшы қызметкерлерінің мал шаруашылығына басшылық стилі жаңа талапқа сай емес. Кәзір МТС директоры Ломозев, бас зоотехнигі Шопанов жолдастардың столдарының суырмалары әртүрлі мәліметтерге, жазба баяндамаларға, өткізілген мәжлістің қарарларына лық толған. Оларда мал шаруашылығында орын алып келген қолайсыз жағдайды түзету, кемшілікті жою жөнінде МТС қызметкерлері, оның мамандары колхоздарға қандай көмек көрсетті деген сұраққа Ломозев жолдас ауыз тұшырлық ешнәрсе айта алмайды. Аудандық партия комитетінің МТС аймағы бойынша секретары Телюк жолдас және нұсқаушылары көбінесе кабинетте отырып басшылық етеді, колхоздарда сирек болады. Ал бола қалған күннің өзінде де партия ұйымының жұмысымен жете таныспайды, партиялық-ұйымдастыру және үгіт-бұқаралық жұмыстарын жақсартуға көмектеспейді.

Атап айту керек, аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқару комитеті үстіміздегі жылдың өзінде ғана Николаев МТС-і жөнінде үш рет қаулы қабылдады. Соның бәрінде де МТС қамтуындағы колхоздардың мал шаруашылығындағы кемшіліктер жете айтылып, оны жою үшін нақтылы шаралар белгіленді. Әсересе бұған МТС директоры Ло-

## Аудандық мәдениет бөлімі

СОКП Орталық Комитетінің еліміздің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі тарихи қаулыларында селодағы мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын жақсарту, клубтар мен кітапханалардың, оқу үйлері мен қызыл мүйістердің жұмыстарын жандандыру талап етілді. Бұл түсінікті де. Өйткені халық шаруашылығының барлық салаларының орасан алып адыммен алға өркендеуіне байланысты халықтарымыздың да әл-ауқаты барған сайын жақсара түсіп, олардың мәдени тілектері өлшеусіз өсіп отыр. Ал халықтың өскелең мәдени тілегін қанағаттандыруда ауыл- селолық жерлердегі мәдени-ағарту мекемелері шешуші роль атқарады. Олар дүние жүзіндегі ең озат мәдениет —социалистік мәдениеттің ауыл- селодағы орталығы болып табылады. Ал социалистік мәдениет адамдарымыздың рухани байлығын арттырып, оларды жоғары саналы коммунистік мораль мен советтік патриотизм рухында тәрбиелейді. Сондықтан да ауыл- селолық жерлердегі мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын жандандыру, оларға нақтылы басшылық жасау кезек күттірмейтін шұғыл міндет болып табылады.

Қалаларымыз бен ауыл- селоларымыздағы мәдени мекемелердің жұмысын дұрыс жолға қойып, оларға күнбе- күн басшылық жасап отыру— еңбекшілерімізбен ең жақын тұрған, олардың күнделікті өмірлері мен қоян- қолтық араласып отырған аудандық мәдениет бөлімдерінің тікелей міндеті. Еңбекшілердің тілектеріне, өтініштеріне жете назар аударып, өз жұмыстарын мінсіз жүргізетін аудандық мәдениет бөлімдері ауыл- село мәдениетін көтеруде көптеген игі істер істей алады.

Облысымыздың көптеген аудандық мәдениет бөлімдері өз жұмыстарын жақсартып, мәдени қамту жұмыстарын еңбекшілердің талғауы мен таңдауына сай құрып келеді, олар мәдени- ағарту жұмыстарын жақсарту туралы Қостанай облысындағы Таран ауданы еңбекшілерінің үндеуін қызу қуаттап, оған сай жауап беруде. Аудандық мәдениет бөлімдері қолдарындағы күш- мүмкіншіліктерді есептей отырып, мәдени мекемелердің жұмысын жақсартуға бағытталған нақтылы міндеттемелер алуда, тиісті шаралар белгілеп, оны жүзеге асыра бастады.

Совет ауданында мәдени- ағарту мекемелерінің жұмыстары жылдан- жылға жақсара түсуде. Бұл, әрине, аудандық мәдениет бөлімінің (меңгерушісі Құрманғалиев жолдас)—игілікті еңбек ете білуінің нәтижесі. Аудында соңғы уақыттардың ішінде бірнеше клубтар, оқу үйлері қатарға қосылды. Сонымен бірге аудан еңбекшілері тарандықтардың бастамасын да қызу қуаттап, іле үн қосты. Аудан орталығы— Смирново селосында жаңадан кітапхана үйі, оқу үйі салынып, олар пайдалануға берілді. Сондай-ақ аудан колхоздарында да жаңадан бірнеше клуб, оқу үйлері салынды. Бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан клубтар мен оқу үйлері және басқа да мәдени-ағарту мекемелерінің үйлері тиісті жөндеуден өткізілді. Қажетті құрал- жабдықтармен толық жабдықталып, кітап қорлары молайтылды. Көркемөнерпаздар үйірмелері бірқалыпты жұмыс істей бастады. Бірқатар колхоздарда радио торaптары іске қосылды. Тек үстіміздегі жылдың өзінде ғана бұл ауданда жаңадан екі киноустановка алынды. Сөйтіп аудан колхоздарын киномен қамту дұрыс жолға қойылды. Колхоздарға киноустановкаларды апарудың жаңа маршруттары белгіленді.

Алайда облыс аудандарындағы мәдениет бөлімдерінің жұ-

ойыншықтары, үйге керекті тоңазытқыш, кір жуатын машиналар, түрлі шаруашылық сайманларын шығаруға мүмкіншіліктері бола тұрса да, тұтынушылардың бұл қажет ететін заттарын мол шығаруды осы күнге дейін ойдағыдай ұйымдастыра алмай отыр.

Атап айту керек, облыстың аудандарындағы бірсыпыра комбинаттардың басшылары өз жұмыстарын халық тілегіне, партиямыз бен үкметіміз алға қойған талапқа сай етіп құра алмай келеді. Әсресе Мамлют аудандық өндіріс комбинаты (директоры Черных жолдас), қаладағы жегу әбзелдері мен мебель шығаратын комбинат (директоры Сердитов жолдас), Октябрь аудандық өндіріс комбинаты (директоры Запорожец жолдас) жұмысты өте нашар істейді. Бұл комбинаттар көпшілік колды товарларды сапасыз өндіреді. Өнімнің өзіндік құны әлі де болса жоғары. Аталған комбинаттарда ішкі резервтер мен мүмкіншіліктер толық пайдаланылмайды. Комбинат басшылары социалистік жарыс мәселесімен нашар шұғылданады. Социалистік жарыстың қорытындысы кешіктіріліп шығарылады, кейде жарыста қабылданған міндеттемелердің орындалуы тексерілмейді. Ол комбинат жұмысшыларының өндіріс жиналыстарында талқыланбайды. Озаттардың іс- тәжрибелерін бұқараның игілігіне айналдыру сияқты маңызды іске де мән берілмеген. Міне, осындай кемшіліктердің орын алуы салдарынан Мамлют аудандық өндіріс комбинаты өткен он айда 777 мың сомның өнімін шығарудың орнына, 661 мың сомның ғана өнімін шығарды. Өнімнің ең негізгісі—ұн тарту 305 тонна жоспарланса, ол 107 тонна, еңбекшілердің заказдары бойынша 123 мың сомның киімін тігу орнына 110 мың сомның киімін тікті. Сол сияқты, комбинат мебель шығаруда тұтынушылар алдында 25400 сом борышты болып қалды. Сонымен бірге өнімнің сапасы төмен, өзіндік құны жоғары болғандықтан комбинат 195 мың сом мемлекет қаржысын жоспардағыдан артық жұмсады. Октябрь аудандық комбинаты жөнінде де осыны айтуға болады. Комбинат директоры Запорожец жолдас «халық тұтынатын бұйымдардың түр- түрлерін көп шығаруға материал жеткіліксіз» деген бөгде себепті бетке ұстап, тұтынушылар тілегін қанағаттандыруды ұмытқан. Өйткені 1 октябрьдегі есеп бойынша комбинат жоспардан тыс 100 мың сомның материалдарын алған. Мәселе тек комбинат басшыларының өндіріске жанды басшылық жасап, жұмысты дұрыс ұйымдастырмауында болып отыр.

СССР-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты өрістетуге шақырған Москва қаласының алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының патриоттық бастамасын облыс кәсіпорындары зор өндірістік өрлеу үстінде қарсы алды. Игілікті бастаманы баянды ету үшін өндіріс комбинаттары халық тұтынатын көпшілік қолды товарларды мейлінше көп және сапалы өндіру жолындағы жарыс туын жоғары ұстап, озат техниканы тиімді пайдаланып, жоғары сапалы, ұнамды, сәнді, әрі көрікті, арзан товарды елімізге көп өндірулері керек.

Жергілікті жерлердегі өндіріс комбинаттары ауыл шаруашылығы еңбекшілерін көпшілік қолды товарлармен қамтамасыз етуде зор роль атқаратын өнеркәсіп орны дедік. Сондықтан да жергілікті партия, совет, кәсіподақ ұйымдары олардың жұмысына жанды басшылық жасап, көмектесіп отыруға тиіс. Бұл үшін олар еңбек өнімділігін арттыру, ішкі резервтер мен мүмкіншіліктерді тауып, іске қосу, жаңалық ұсыныстар жасау, озаттардың іс тәжрибесін көпке тарату сияқты маңызды жұмыстарға үнемі көңіл бөліп, оған нақты басшылық жасап отырулары керек.

## РСФСР-дің колхоздары мен совхоздары овощь, бақша дақылдарын және жүзім дайындау мен сату жоспарларын орындады

Россия Советтік Федерациялық Социалистік Республикасының колхоздары мен совхоздары өздеріне белгіленген овощь, бақша дақылдарын және жүзім дайындау мен сатудың мемлекеттік жоспарларын орындады.

Россия Федерациясының колхоздары мен совхоздары мемлекетке овощьты өткен жылдағыдан 332 мың тонна, бақша дақылдарын 155 мың тонна және жүзімді 16,4 мың тонна артық тапсырды және сатты.

малға малдәрігерлік жәрдем көрсетілмейді. Мысалы, «Победа» колхозында 13 сиыр, «Путь к коммунизму» колхозында едәуір қойдың індетке ұшырағанына үш айға жуық уақыт болды. Бірақ бұған әлі ешқандай малдәрігерлік көмек болмай келеді. Сондықтан да мұнда малдардың ішінара өлім-жітімге ұшырау фактілері де кездесіп отыр.

Колхоздарда төлдейтін малдың санын көбейту, малды шағылыстыру мәселесіне жете көңіл бөлінбей келеді. Әсресе малды қолдан ұрықтандыру жұмысында үлкен олқылыққа жол беріліп жүр. Мал шағылыстыру кезінде ұйымдастырылмағандықтан үстіміздегі жылы МТС қамтуындағы колхоздарда төлдейтін әрбір жүз аналық малдан небары 62 қозы, 51 бұзау, 40 құлын, әрбір мегежіннен 8 торай ғана алынды. Мұның үстіне алынған төлдердің өзі аман сақталып өсірілмей

дейін жетпей қалу хаупі бар. Ал мал қыстатуға әзірлік үстінде «Путь к коммунизму» колхозының председателі Дундыков кем дайындалған 1500 центнер шөптің орнын толтыру үшін МТС пен ауданға жалған ақпар беріп, теріс жолға түсті. Бірақ оның бұл қылмысты әрекетіне МТС, аудан басшылары мән бермей, оны орынсыз қорғап отыр.

Жемшөп қорында сабан мен топанның елеулі орын алатыны мәлім. Осыған қарамастан МТС қамтуындағы колхоздарда сабан-топанды дайындау ісі тыңғылықты ұйымдастырылмаған. Бұған МТС бойынша жиналуға тиісті сабанның небары 6 процент шамасында ғана орындалғаны толық дәлел. Ал кейбір колхоздардың басшылары мал азығы жетімсіз бола тұрса да сабан жинау жұмысына әлі шындап кіріскен жоқ. Осының салдарынан мыңдаған центнер сабан жиналмай, қар ас-

...жеев жолдастың басшылығы нашар екендігі қатаң сыналды. Дегенмен бұл сынаудан әлі қорытынды жасаған ол жоқ. Оған жоғарыдағы кемшіліктердің өзі толық кепіл. Ал аудандық партия комитеті мен Совет атқару комитеті өздерінің қабылдаған қарарларының орындалуын әлі тексермей отыр.

Октябрь ауданы, Коновалов МТС-нің қамтуындағы колхоздарда мал шаруашылығын күшті қарқынмен өркендетуге, оның тұқымын асылдандыруға, өнімділігін арттыруға барлық мүмкіншілік бар. Шабындық, жайылымдық жерлер жеткілікті. Әңгіме осы мүмкіншіліктерді тиімді пайдалана білуде. Мал шаруашылығына шындап бет бұруда, ұйымдастыру-басшылық жұмыстарын жақсартуда болып отыр.

**С. ЛЕКЕРОВ.**

## Сыйлық берілді

«Бірлік» колхозында (Ленин ауданы) мал шаруашылығының шұғыл өркендеуі жолында озат көрсеткіштерге ие болып келе жатқан мал өсірушілер көп. З. Хугеева жолдастың еңбегі ерекше үздік. Ол қарауына бекітілген 40 бұзауды шығынсыз аман өсіріп, тәуліктік салмақ қосуын орта есеппен 700 грамға дейін жеткізді. Колхоз басқармасы З. Хугеева жолдастың жас төлдерді күтудегі озат табысы үшін сыйлыққа бір торпақ берді.

## ҚАРТ ЖЫЛҚЫШЫ

«Талапкер» колхозында (Пресновка ауданы) мал шаруашылығында ұзақ уақыт істеген мал өсірудің шеберлері көптеп саналады. Солардың бірі —Қабиболла Батаев карт. Ол 24 жыл бойы жылқы бағып келеді.

Батаев жолдастың қарауындағы жылқы үнемі қоңды болады. Ол мал бағу ісін мал дәрігерлік ережелерге және көп жылдық тәжрибесіне сүйене жүргізеді. Мұның бәрі Қабиболла картты мал өсіру ісінде елеулі табыстарға жеткізуде. Ол үстіміздегі жылы 50 биеден 50 құлын алды.

Колхоз басқармасы Батаев жолдасты мал өсіруде озат көрсеткішке ие болып келгені үшін Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне жіберді. Сонымен бірге колхоз жылқы шаруашылығын өркендетудегі быйылғы жылғы табысы үшін Батаев жолдас бір тай және заттай қосымша ақы алды.

**Б. НҰРЖІГІТОВ.**



Горький СЭС-нің құрылысында. Су электр станциясының негізгі үйі мен су құйылатын плотина салынып жатқан котлованның жалпы көрінісі.

Суретті түсірген **П. Вознесенский.** **(СОТА-ның фотохроникасы).**

мыстарында елеулі кемшіліктер де кездесіп отырған жоқ. Көптеген аудандық мәдениет бөлімдерінің басшылары өздеріне жүктелген міндеттерге жауапсыз қарайды. Көзбояушылыққа салынып, жұмысты формальді түрде ғана атқарады. Сөйтіп еңбекшілердің күн санап өсіп отырған мәдени тілектерін қанағаттандыру жолында дәйекті, қажырлы жұмыс жүргізбейді.

Мәселен, Булаев аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі В. Гончар жолдас істе өзінің қабілетсіздігін көрсетіп алғанымен қоймай, қылмысты іске бой ұрып жүр. Гончар жолдас еңбекшілердің тілегіне құлақ аспайды. Соның салдарынан ауданда мәдениет үйінің, оқу, клуб үйлерінің жұмысы мүлдем бетімен жіберілген. Клубтарда, оқу үйлерінде, кітапханаларда оқушылар конференцияларын үнемі өткізіп отырмайды. Мұнда көркемөнерпаздардың концерттері мен еңбекшілердің демалыс кештерін ұйымдастыру да жеткілікті дәрежеде қолға алынбай келеді. Сол сияқты, мәдени- ағарту мекемелерінің жанындағы лекторийлер жұмысы да дұрыс жолға қойылмаған. Мұнда өндіріс жаңашыларының, ауыл шаруашылығы озаттарының іс тәжрибелерін насихаттайтын, ғылми, әдеби тақырыптарға арналған лекциялар үнемі ұйымдастырылып отырылмайды.

Булаев ауданы облысымыздағы тың жерлерді көп игеретін аудандардың бірі. Ауданға жаңадан ұйымдастырылған совхоздарда жұмыс істеу үшін быйыл мыңдаған патриоттар келді. Міне, осы патриоттарды мәдени жағынан толық қамту аудандық мәдениет бөлімінің абройлы міндеті еді. Бірақ аудандық мәдениет бөлімі аса жауапты міндетті орындауды естен шығарған. Ал Гончар бұл жұмыстарды орындаудың орнына, жеке басының пайдасын көздеп, күн өткізуде.

Бұл күндері облысымыздың аудандық мәдениет бөлімдері өз жұмыстарын, әсресе, тың жерлерді игеруде жаңадан ұйымдастырылған совхоздарда жұмыс істейтін патриоттарды мәдени жағынан толық қамтуға бағыттауға тиіс. Бірақ тыңды ең көп игеретін Октябрь, Преснов аудандарының мәдениет бөлімдері жергілікті жерлердегі мәдени- ағарту мекемелеріне қағаз жүзінде басшылық жасап, дәрменсіздікке салынуда. Ал жергілікті партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдары еңбекшілерді мәдениетті қамтуды, ауылдар мен селоларда мәдениет ісін жандандыруды екінші қатардағы мәселе деп есептеп, оған жеткілікті көңіл бөлмей келеді.

СОКП Орталық Комитеті халық арасында ғылми- атеистік насихат жүргізудегі қателіктер туралы үстіміздегі жылғы 10 ноябрьде қабылдаған қаулысында халықтың арасында мәдени- ағарту жұмысын түбірінен жақсарту, сөйтіп еңбекшілердің мәдени дәрежесін онан әрі арттыруға жету партия ұйымдарының, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың міндеті болып табылатындығын тағы да атап көрсетті. Сондықтан аудандық партия, комсомол комитеттері, кәсіподақ ұйымдары аудандық мәдениет бөлімдерінің жұмысын мейлінше жақсарту жолында жеткілікті басшылық жасап отыруға тиіс. Ал аудандық мәдениет бөлімдері, қаулыда атап көрсетілгендегідей, аудан еңбекшілері арасындағы бүкіл мәдени- ағарту жұмыстарын одан әрі жандандырып, мәдениет, клуб, оқу үйлерінің кітапханалар мен қызыл мүйістердің жұмыстарын тез арада, шұғыл жақсартулары қажет. Бұл —әрі абройлы, әрі жауапты міндет.

## Сирек кездесетін қолжазбалар

ТАШКЕНТ, 25 ноябрь. (СОТА). Жергілікті коллекция жинаушылардан сирек кездесетін қолжазбаларын жинау үшін Бұхараға барған Өзбек ССР Ғылым академиясының экспедициясы мұнда қайтып оралды. Өзбек, тәжік және араб тілдеріндегі 140 бағалы қолжазба әкелінді. Өзбектің ұлы ақыны Алишер Навои диванының (өлеңдер жинағы) толық тізімінің зор маңызы бар. Бұл шығарма ақын қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай 1501 жылы көшіріліп алынған. Тізім жақсы сақталған.

Мұнымен қатар XV ғасырдағы аса көрнекті тәжік ақыны Абдурахмон Джамидің «Юсуф пен Зулайха» поэмасының сирек кездесетін тізімі әкелінді. Бұл қолжазбалар Өзбек ССР Ғылым академиясының дүние жүзіндегі аса ірі шығыс қолжазбаларының бірі болып табылатын жинақтарын толықтырды. Ғылми қызметкерлер бұл қолжазбаларды зерттеуге кірісті.

*Т. С. Мальцев әдісі—астық өндірісін арттыру әдісі*

# Топырақты өңдеудің, егін егудің жаңа системасы терең зерттеліп, өндіріске дұрыс және творчестволықпен енгізілсін

## (Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің облыстық кеңесінен)

25- 27 ноябрьде аудан басшыларының, МТС, совхоз директорлары мен мамандарының, колхоз председательдерінің, трактор және егіс бригадалары бригадирлерінің, ауыл шаруашылығы озаттарының облыстық кеңесі болып өтті. Кеңеске қатысқандар облыстық Совет аткомінің председателі Оспанов жолдастың «Т. С. Мальцевтің әдісі бойынша топырақты өңдеу және егін егу жөніндегі жаңа системаны қолдану шаралары туралы» баяндамасын тыңдап, талқылады.

Үстіміздегі жылы облыс аудандарында келесі жылы егіннен мол өнім алуға бағытталған едәуір жұмыстар жүргізілді. Колхоздар мен совхоздар 750 мың гектардан астам тың көтерді. Преснов, Булаев, Октябрь, Приешім аудандарының МТС- тері, Возвышен, Ұзынкөл астық совхоздары 1954 жылдың егісіне әзірленген жермен салыстырғанда 1955 жылдың егісі үшін жерді екі- үш есе артық әзірледі. Тек тың жерлерде жаңадан құрылған 12 совхозда ғана 1955 жылдың көктемінде себілетін дәнді дақылдардың көлемі барлық бұрынғы совхоздарда себіліп келген егіннің көлемімен тең болады.

Облыс егіншілері астық шаруашылығын шұғыл өркендету, жаңа жерлерді онан әрі игере беру жолындағы күресті барған сайын күшейтуде. Облысымызда 1955 жылы тағы да кемінде 200 мың гектар тың және тыңайған жерлер игерілуге тиіс. Кәзіргі ең басты міндет егіс көлемін ұлғайта берумен қатар, егіншіліктің мәдениетін арттыра беру, егіннің шығымдылығын едәуір арттыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Топырақты өңдеу мен егін егудің Т. С. Мальцев жасаған системасы барлық егіншілер тарапынан қолдау тапты. Оны еліміздің көптеген колхоздары мен совхоздары өндіріске кеңінен еңгізе бастады. Сол сықты, біздің облыстың колхоз, совхоздарының егін далаларында да жаңа система бойынша жерді қайырмасыз плугпен терең жыртудың, аңызды лущильникпен өңдеудің алғашқы тәжрибе жұмыстары жүргізілуде.

Оспанов жолдас өзінің баяндамасында Т. С. Мальцев әдісі бойынша топырақты өңдеудің, егін егудің алғашқы тәжрибелері жақсы нәтиже беріп отырғанын атап көрсетті. Мәселен, Мамлют ауданының Вильямс атындағы, Жданов атындағы, Каганович атындағы колхоздары үстіміздегі жылдың көктемінде 600 гектардан астам аңызды жыртпай-ақ лущильникпен өңдеп, тұқым септі. Ал бұл жерлерден алынған өнім зябьке себілген дақылдардан алынған өніммен жоғары болды. Ленин ауданындағы «Новый путь», Полудень ауданындағы «Путь Ильича», Октябрь ауданындағы «Щит» колхоздары, Чистов астық совхозы және басқа шаруа-

сөзде сөйлеушілер көп тоқталды. Пушкин атындағы МТС-тің бас агрономы Архипк жолдас агротехниканың жаңа әдістері үйретуді үшжылдық агро- зоотехникалы курстарға кеңінен енгізу, бұл жөнің колхоз председательдерінің, агрономдардың, трактор және егіс бригадалары бригадирлерінің семинарларын ұйымдастыру туралы орынды пікір айтты.

Булаев аудандық Совет атқару комитетінің председателі Қизатов жолдас, топырақты өңдеу мен егін егудің жаңа системасын қолдану, деді өзінің сөзінде, егіншіліктегі аса маңызды мәселе. Осы уақытқа дейін аудан колхоздарының егістік жерлерінің үлкен бір бөлегіне көпжылдық екпе шөп егіліп келді. Соның өзінде олардан алынған өнім өте аз болып жүр. Мысалы, «Страна Советов» колхозы көпжылдық шөпті басқа колхоздарға қарағанда анағұрлым көп егеді, бірақ бұдан дәнді дақылдардың шығымдылығы артпайды, сонымен қатар көпжылдық шөп егістерінің өнімді нашар беруі себепті колхозда ірі сабақты жемшөп те аз дайындалады. Кәзір колхоздарда өнімді аз беретін көпжылдық шөп егістері азайтылып, оның орнына біржылдық дақылдар егісінің көлемі ұлғайтылып келеді. Быйыл 5000 гектардан астам егістіктің топырағы Т. С. Мальцевтің әдісі бойынша өңделді. Ауданда топырақ өңдеудің жаңа әдісін енгізу жөнінде негізгі жұмыстар келесі жылы жүргізілетін болады.

Қизатов жолдас біржылдық шөп егістерінің көлемін ұлғайту ісіне нашар басшылық етіп отырған облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшыларын және оның мамандарын орынды сынады. Бұл дақылдардың тұқымдары колхоздарға жеткізілмейтінін, оларды егудің агротехникасын жақсарту жөніндегі шаралар жүзеге асырылмайтынын айтты Сол сықты, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы дәнді дақылдардың жақсы сорттарын іріктеп алу, агротехникалық ғылым мен озат тәжрибелердің табыстарын насихаттау істеріне өте- мөге аз көңіл бөледі.

Полудень ауданындағы «Путь Ильича» колхозының председателі Сибғатуллин жолдас аңызды сыдыра жырту, оған тұқым себудегі іс тәжрибелері жөнінде айтты. Ол қатар участоктерде сыдыра жыртылған аңызға және зябьке егілген дәнді дақылдардың берген өнімін мысалға келтірді. Мұнда сыдыра жыртылған аңызға егілген дақылдардан өнім анағұрлым көп алынған. Үстіміздегі жылдың күзінде сыдыра жыртылған 262 гектар аңызға келесі көктемде дәнді дақылдар егеді. Колхоздың тәжрибе участогінде қайырмасыз плугпен 35 сантиметр тереңдікте 20 гектар пар жыртылды, сондай-ақ 120 гектар пар осы плугпен тереңдетіле қай-

-тай бір мысал келтірді: «Путь Ильича» колхозы бір участокте тыңды 12-13 сантиметр тереңдікте жыртып, жұмыстаeasy да оған жаздық бидай септі. Бұл участоктің гектарынан 12 центнерден өнім алынды. Ал 20- 22 сантиметр тереңдікте жыртылған тың жерлердің әрбір гектарынан небары 6 центнерден ғана өнім жиналды. Мұның мәні неде? Ол алдымен мынада: тың участоктің топырағы тек жұқа ғана өңделеді, сондықтан ол жердегі ылғал қоры өзінде сақталады.

Преснов совхозында жаз бойы төрт рет дискелі лущильникпен өңделіп, күз қайта жыртылған 300 гектар аңызға бидай егілді. Бұл участоктің әрбір гектарынан 12,5 центнер өнім алынды. Ал совхозда барлық дәнді дақылдың әрбір гектарынан орта есеппен алынған өнім 8,4 центнер болды. Совхоз директоры Ларин жолдас совхоз коллективінің топырақты өңдеудің жаңа әдісін өндіріске кеңінен қолданып отырғанын айтты. Мұнда келесі жылдың егісі үшін бір мың гектарға жуық пар қайырмасыз плугпен терең жыртылды 1200 гектар аңыз лущильникпен өңделді. Быйыл дәнді дақылдар егілген жаңа жерлердің едәуір бөлігі келесі көктемде лущильникпен өңделетін болады.

Сартомар МТС- нің механизаторлары келесі жылдың егісі үшін 21 мың гектар жер, оның ішінде 12 мың гектар тың жер дайындады. 1955 жылдың көктемінен бастап станцияның трактор бригадалары топырақты өңдеуді Мальцев әдісі бойынша жүргізеді. МТС директоры Макаров жолдас өзінің сөзінде осы жұмыстарды жүргізу жөніндегі белгіленіп отырған шаралар туралы айтты. Сонымен бірге аңызды лущильникпен өңдеу, жерді қайырмасыз плугпен жырту, себілетін дақылдардың жақсы сорттарын іріктеп алу жұмыстарында орын алып келген кемшіліктерді атады. Мұндай маңызды мәселелерде орын алған кемшіліктер мен қателіктерге совхоздар трестінің бас агрономы Кафарена, Киров атындағы совхоздың бас агрономы Готовкин, Торанғұл совхозының бас агрономы Онищенко жолдастар да тоқталды. Киров атындағы астық совхозының директоры, инженер Дьяченко жолдас топырақты өңдеудің жаңа әдістерін дұрыс қолдану үшін плугтерді, тырмаларды қайта жабдықтау туралы бағалы пікірлер айтты.

«Заветы Ленина» колхозында өткізілген Бүкілодақтық кеңеске қатынасқан Приешім МТС- нің бас агрономы Боев жолдас Т. С. Мальцевтің арам шөптерге қарсы күресі, топырақты өңдеуге пайдаланып келген құрал- саймандары, тұқым себу мерзімдері жөніндегі тәжрибелерін толық баяндады. Боев жолдас жаңа әдістерді қолдануда және ауыспалы егіс тәртібін енгізуде әрбір шаруашылықтың



Бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарысқа ұштасқан Петропавл паровоз депосының токарі А. Тараканов жолдас еңбекте жоғары көрсеткіштерге ие болуда. Ол сменалық нормасын 200 проценттен асыра орындаумен бірге, жұмыста ешбір ақауға жол бермейді. СУРЕТТЕ: **А. Тараканов** жолдас жұмыс үстінде.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

## „Баян“ колхозында

*Жаңа құрылыстар*

Көше бойларын қуалай салынған еңсесі биік ағаш үйлер колхоз ауылына ерекше сән береді. Көшенің орта кезінде орналасқан колхоз клубы, кітапхана, медициналық пункт, селолық магазин, он жылдық мектеп және оның интернатының көркем үйлері алыстан көз тартады. Бұл көпшілік орындарының барлығы да колхоз еңбекшілерінің мүддесі үшін қызмет істейді. Оларды колхозшылардың өздері де мақтаныш етеді.

Колхозшылар үстіміздегі жылы колхозда көп құрылыс жұмыстарын жүргізді. Мұнда арнаулы құрылыс бригадасы 3 қой қорасын, 2 сыйыр қорасын және 150 бастық бұзау қорасын жаңадан салды. Сол сықты, быйыл 11 мың центнер астық сыятын 6 жабық қырман салынды. Құрылысшылар колхозшылардың тұрғын үйлерін салуға да көп көңіл бөлді. Мұнда жаңадан 18 тұрғын үйлер салынды.

*Қажырлы еңбек, мол табыс*

# Халықтық Албанияға он жыл

Бұдан он жыл бұрын, 1944 жылы 29 ноябрьде, көптеп күйзеушілікке ұшыраған Албания жерінен ақырғы фашист басқыншылары қуылды, сөйтіп Албания азат етілді. Ержүрек албан халқының өзінің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін шетел басқыншыларына қарсы ғасырлар бойы жүргізген күресі осы жеңіспен аяқталды.

Европаның өте ертедегі халықтарының бірі албан халқы бес ғасырдай уақыт бойы түрік езгісінде болды. 1912 жылы Албанияның тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін ағылшын, австрия, неміс, француз және италиян империалистері елді басып алуға әрекеттенді. 1939 жылы кішкене Албанияға өршеленген италиян фашизмі өзінің ашық агрессиясын бастады. Муссолини оған қарсы елу мыңдық армияны, 173 соғыс кемесін және 500-ге жуық самолетті жіберді. Бірақ албан халқы өз Отанын қорғап қалуға бір кісідей аттанды. Әсресе гитлершіл Германия Совет Одағына тап бергеннен кейін құлаш жайған партизандық қозғалыс Албанияда кең өрістеді.

Совет Одағы албан халқының күресіне зор тілектестікпен қарады. 1942 жылғы декабрьдің өзінде-ақ Совет Үкметі ССР Одағының Албания территориясында италиян империалистерінің жүргізген қыспақ әрекеттерінің ешқайсысын да қостамайтындығын және фашист басқыншыларынан Албанияның азат етілуіне тілектес екендігін мәлімдеді.

Екінші дүниежүзілік соғыста Совет Армиясының гитлершіл Германияны талқандауы албан еңбекшілеріне өз Отанын басқыншылардан толық азат етулеріне және Халықтық республика жариялауына мүмкіндік берді.

Өткен он жыл ішінде албан халқы өзінің Еңбек партиясының басшылығымен халықтық демократиялық құрылысты нығайтуда және экономика мен мәдениетті өркендетуде зор табыстарға жетті.

Фашистік басқыншылық және соғыс әрекеті Албанияға үлкен зиян келтірді. 93 қалалық, 1.285 селолық пункттер, көпірлер мен жолдардың едәуір бөлігі, бүкіл өнеркәсіп дерлік қыйратылып бүлінді. Гитлершіл басқыншылар ел ішінен алтын қорларын тасып алып, ондаған мың бас малды айдап әкетті. Алайда албан халқының бұрын-соңды болып көрмеген энтузиазмі арқасында, Халық үкметі мен Албанияның Еңбек партиясының дұрыс басшылығы, Совет Одағы мен халықтық демократия елдерінің туысқандық көмегі арқасында мұндай қыйрап бүлінгендердің бәрі де тез қалпына келтірілді. Соғыста бүлінген экономиканы қалпына келтіріп және 1949—1950 жылдарда халық шаруашылығын өркендетудің екі жылдық жоспарларын орындай отырып, албан еңбекшілері кәзір өз елінде жаңа өмір құрылысының бірінші бесжылдық жоспарларын жүзеге асыру үшін табысты күрес жүргізуде.

Бірінші бесжылдық жоспардың негізгі экономикалық міндеті бесжылдықтың аяғына дейін (1955 жыл) Албанияны артта қалған аграрлы елден аграрлы-индустриялы елге айналдыру үшін социализмнің

процент ұлғайтылды. Астық өндіру соғысқа дейінгімен салыстырғанда 58 процент өсті, ал мақта өндіру 70 есе ұлғайтылды. Бесжылдықтың аяғына дейін соғысқа дейінгімен салыстырғанда ауыл-шаруашылық өнімдерін шығару 2,5 есе өсетін болады.

Денсаулық сақтау, оқу-ағарту, мәдениет және еңбекшілердің әл-ауқатын жақсарту саласында да республика зор табыстарға ие болды. Соғысқа дейін Албанияда бар болғаны 50 медициналық мекемелер болса, ал кәзір олардың саны 830-дан асады. Азат етілгеніне дейін албан халқының 80 проценті сауатсыз болған еді, кәзір елде бар болғаны 45 мың сауатсыз адам бар, демек бұл халықтың 10 процентінен кем. Егер соғысқа дейін елде не бары 643 бастауыш мектеп болса, ал жоғары оқу орындары мүлдем болмаса, кәзір Албанияда 2.483 мектеп, 7 институт және көптеген мектепке дейінгі мекемелер жұмыс істейді. Баспа істері де тез өсуде. Халықтық өкмет тұсында газеттердің тиражы 7 есе өсті, тек 1953 жылдың өзінде елде баспадан шығарылған кітап 1938 жылғыдан 11 есе көп болды.

Албанияның түрі ұлттық, мазмұны социалистік искусствосы да өркендеуде. Азат етілгеннен кейін құрылған Халық театры жыл сайын өзінің репертуарын кеңейтіп келеді. Кәзірдің өзінде оның сахнасында жас албан драматургтері Коль Яковтың, Бесим Левоньның және Фатмир Гияттың пьесалары қойылып жүр. Албанияның отандық кинематографиясының негізі салынды. Совет Одағы мамандарының көмегімен «Жаңа Албания» киностудиясы құрылды. 1953 жылы албан және совет кино қызметкерлері Каргадада болған VII дүниежүзілік кинофестивалда сыйлық алған «Албанияның ұлы жауынгері Скандерберг» атты бірінші көркем суетті түсті фильмін жасап шығарды.

Албан еңбекшілерінің әл-ауқаты үздіксіз жақсаруда. Үстіміздегі жылы албан халқы 1950 жылғыдан қантты 68 процент, мақта матaларын 101,1 процент, ет пен балықты 37 процент, аяқкиімдерін 137 процент артық алатын болады. Үстіміздегі жылдың 1 октябрінен бастап елде бөлшек сауда бағасы осымен үшінші рет арзандатылды. Осы арзандатудың нәтижесінде халық жыл бойына 300 миллион лек пайда көретін болды.

Албанияның Совет Одағымен, халықтық демократия елдерімен экономикалық және мәдени байланысы жыл сайын кеңейе түсуде. Албан халқы мен СССР және халықтық демократия елдерінің туысқан халықтары арасындағы қалыптасқан қарым-қатынастар, бұл туралы «Зери и популлит» газетінде жуырда жазылғанындай, «Социалистік жаңа типтегі қарым- қатынастар» болып табылады. «Бұл қарым-қатынастар нағыз тең праволылық, жемісті ынтымақтық, өзара тиімділік принциптеріне негізделген және еңбекшілердің мүдделеріне қызмет етеді».

Бейбітшілік саясатын дәйектілікпен жүргізе отырып, Албания халқының үкметі көрші мемлекеттермен —Югославиямен және Италиямен дипломаттық қатнас орнатты, сол сықты Грециямен қатнасты

...тар бір рет жаңа дақыл егілген жаңа жерлерді биыл тек лущильникпен өңдеп, оларға тұқым септі.

Колхоз ғалымы Т. С. Мальцевтің топырақты өңдеу, егін егу жөніндегі жаңа системасы біздің облыстың жағдайында топырақтың құнарлылығын, ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттырудың аса зор перспективаларын ашып берді. Мұны өздерінің практикалық жұмыстарымен анықтай отырып, колхоздар мен совхоздар жаңа системаны кең көлемді егістіктерде қолдануға кірісті. Үстіміздегі жылдың күзінде алғашқы рет егілген егіні жыйналған жаңа жерлердің 31 мың гектарынан астамы келесі жылдың егісі үшін лущильникпен өңделді. 18424 гектар жер қайырмасыз плугпен терең жыртылды. Бұлардан басқа, колхоздарда 13.184 гектар, совхоздарда 8.322 гектар аңыз 8-9 сантиметр тереңдікте сыдыра жыртылды. Бұл алаңдарда 1955 жылы қайырмасыз және түренсіз плугпен 35-40 сантиметр, тіпті одан да артық тереңдікте пар жыртылады, содан кейін Т. С. Мальцев әдісі бойынша өңделеді.

Колхоздар мен совхоздар топырақты өңдеудің жаңа системасын қолдануды келесі жылы бұдан да ұлғайта түсуді жоспарлап отыр. Мәселен, келесі жылы қайырмасыз плугпен колхоздарда 120 мың гектар, совхоздарда 24 мың гектар пардың терең жыртылуы белгіленді. Келесі көктемде колхоздар 40 мың гектар, совхоздар 158 мың гектар жыртылмаған, лущильникпен өңделген аңызға дәнді дақылдар егеді.

Топырақты өңдеуде Т. С. Мальцевтің әдісін қолдануды Ворошилов атындағы, Йнтернационал, Образцовая, Полудень, Совет МТС- терінің, Возвышен, Ұзынкөл, Торанғұл совхоздарының басшылары ойдағыдай ұйымдастырғаны атап көрсетілді. Бірақ, деді баяндамашы, Соколов, Майбалық, Шағлы МТС- тері мен Тоқшын совхозының басшылары бұған мән бермей отыр. Оларда Мальцевтің әдісін қолдану жөнінде тәжрибе жұмыстары мүлдем жүргізілмей келеді деуге болады. Жекелеген шаруашылықтардың тәжрибе жұмыстарында елеулі қателіктер жіберілген. Аңызды лущильникпен өңдеу, қайырмасыз плугтермен жерді терең жырту жұмыстарының ережелері сақталмаған.

Топырақты өңдеу және егін егу жөнінде Т. С. Мальцев ұсынған әдісті дұрыс қолдану үшін, ең алдымен бұл әдісті терең зерттеу, меңгеру керек. Оны әрбір егістік участоктің топырақ құрылымының ерекшелігіне қарай қолдануды белгілеу керек. Тәжрибе жұмыстарында орын алған кемшіліктер бірқатар колхоз, МТС, совхоз басшыларының, мамандардың өздері жаңа әдісті үйрену, зерттеу жұмысын шындап қолға алмағанын, сол сыяқты, оны трактор, егіс бригадалары бригадирлерінің зерттеуін ұйымдастырмағанын көрсетеді. Сондай-ақ, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы мен совхоздар тресі жаңа прогрессивтік әдісті кеңінен енгізуге басшылық етуді босаңсытып алды.

Т. С. Мальцев системасын өндіріске енгізудегі ең басты мәселе оны терең зерттеу, іске догмалық түрде емес, творчестволықпен қолдану екендігіне жарыс-

...

плугпен жыртуға 600 гектар жер әзірленді, бұл жерді жыртқаннан кейін көктемде және жазда оның топырағын өңдеу жұмыстары Т. С. Мальцев әдісі бойынша жүргізіледі.

—Біздің станцияның механизаторлары мен мамандары, —деді Преснов МТС-нің бас агрономы Соколов жолдас, — Курган облысы, Шадринск ауданындағы «Заветы Ленина» колхозында, халық ғалымы Т. С. Мальцев үлкен тәжрибе жүргізген колхозда болған Бүкілодақтық кеңестің материалдарымен зейін қоя танысты. Біз агрономдардың, механиктердің, колхоз председательдерінің семинарларын өткіздік, оларда бұл бүкілодақтық кеңестің қорытындылары талқыланды. МТС агрономдары барлық трактор бригадаларында топырақты өңдеу мен егін егуді жаңа әдіс бойынша жүргізу туралы механизаторлардың кеңестерін өткізді.

Топырақты өңдеудің жаңа әдістерін қолдану жөнінде Преснов МТС-нің қамтуындағы колхоздарда бірқатар жұмыстар жүргізілді. Келесі жылдың егістері үшін алғашқы 584 гектар аңыз сыдыра жыртылды. Сол сыяқты, көктемде лущильникпен өңделетін аңыздар, қайырмасыз плугпен терең жыртылатын участоктер іріктеліп алынды. «Сталин жолы» колхозы қыртысы бір рет аударылған 54 гектар жерді терең жыртты, осы участокке қатар жатқан 140 гектар жер лущильникпен өңделді. 120 гектар аңыз келесі көктемде лущильникпен өңделетін болады. Сондай-ақ, мұнда бір участок қайырмасыз плугпен терең жыртылды. Сөйтіп бұл және басқа да колхоздарда тәжрибе участоктері жасалды.

Т. С. Мальцев әдісі бойынша топырақты өңдеу жөніндегі тәжрибе жұмыстары Возвышен астық совхозында кеңінен жүргізілуде. Мұнда 2310 гектар пар 30- 35 сантиметр тереңдікте қыртысы аударылмай жыртылды, 500 гектар аңыз лущильникпен өңделді. Бұл жұмыстарды жүргізу жөніндегі қолданылған әдістерді айта келіп, совхоздың бас агрономы Катков жолдас далалы жерлерде аңызды дискелі лущильникпен өңдеудің әрқашан тиімді болмайтыны практикалық жұмыста байқалып отырғанына тоқталды. Далалы жерлерге егілген дақылдарға қара дауылдың едәуір зыяны бар. Оның зыянды әсерінен далалық жерлерге егілген егіндерді сақтау үшін мұндай участоктерді өңдеуге түрені бар құралдарды пайдалану тиімді.

Ворошилов атындағы МТС- тің бас агрономы Винниченко жолдас кеңеске қатысушылардың назарын топырақты өңдеуге және егін егуге Т. С. Мальцев әдісінің жеке элементтерін ғана емес, оның толық системасын қолданудың маңызы зор екендігіне аударды. МТС қамтуындағы колхоздарда келесі жылдың егісі үшін бір рет егін егілген 3 мың гектарға жуық жаңа жерлердің аңызы сыдыра жыртылған, сол сыяқты тәжрибе участоктерінде едәуір жер қайырмасыз плугпен терең жыртылған. 1955 жылдың көктемінен бастап тәжрибе алаңдары ұлғайтылатын болды.

Винниченко жолдас тың жерлерді игеруді, оны жырту тереңдігін белгілеуді дұрыс жүргізу жөнінде айтты. Ол мына-

...

лесіне тоқталды.

Топырақты өңдеудің, егін егудің жаңа әдістерін қолдану сортты тұқымдарды іріктеп алуға ерекше назар аударуды талап етеді. Преснов сорт- сынақ участогінің меңгерушісі Шокарев, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Коробов жолдастар өздерінің сөзін осы мәселеге арнады. Көптеген МТС- тер мен совхоздардың мамандары тұқымның сорттылығын жақсарту ісіне көңіл бөлмейді. Тұқымды сақтау, тазарту ережелері бұрмаланады. Біржылдық шөп егісінің агротехникасы дұрыс қолданылмайды. Сондықтан могар, суданка шөптерінен өнім аз алынып жүр.

—«Заветы Ленина» колхозының даласында, —деді Коробов жолдас, — ауылшаруашылық дақылдарының 2 мыңнан астам сорттары сыналған. Т. С. Мальцев ол сорттарды егуге іріктеп алуға өте ұқыптылықпен назар аударады. Өйткені сапалы тұқым — егін шығымдылығын арттырудағы басты шарт. Егер тұқым жақсы сортты болмаса, топырақты өңдеудің жаңа системасын қаншалықты дұрыс қолданғанмен егіннен мол өнім алу мүмкін емес.

Коробов жолдас облыс колхоздарында тұқым шаруашылығының бетімен жіберіліп отырғандығына тоқталды. Соңғы жылдары көптеген дақылдардың тұқымы басқа республикалардан, кейбіреулері оңтүстіктен әкелініп жүр. Олар біздің жердің табиғат жағдайына бейім емес. Үстіміздегі жылдың өзінде бірсыпыра тұқымдарды айырбастап алу керек болып отыр. Сонымен бірге көптеген колхоздарда, тіпті сортты тұқымның мүлдем жоқтығы байқалады. Мұндай кемшіліктерді тез жоюдың жолын ойластыру қажет.

Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылми қызметкері Федорин жолдас өзінің сөзінде біздің облыс аудандарының топырақ құрылымындағы ерекшеліктерді және осы ерекшеліктерге байланысты топырақты өңдеу әдістері жөнінде айтты. Ол әсресе сортаңды топырақты тың және тыңайған жерлерді дұрыс өңдеу мәселесіне ерекше назар аударды. Ал шынында сортаңды топырақты жер біздің облыстың колхоз, совхоздарында өте көп және ондай жерлер осы уақытқа дейін тәсгісіз нашар пайдаланылып келеді.

Жарыссөзде Соколов МТС-нің бас агрономы Буркоцкий, Петропавл ауданы, Чапаев атындағы колхоздың агрономы Дәуітов, Вильямс атындағы жер қыртысы- агрономиялық станцияның аға ғылми қызметкері Половицкий, Интернационал МТС-і трактор бригадасының бригадирі Харькавый және басқа жолдастар сөйледі. Баяндама бойынша жарыссөзде барлығы 25 адам сөз сөйледі.

Баяндамашы Оспанов жолдас өзінің қорытынды сөзінде Вильямс атындағы жер қыртысы- агрономиялық станцияның аға ғылми қызметкері Половицкий жолдастың жұмысын қатты сынға алды.

Облыстық кеңес Т. С. Мальцев системасы бойынша топырақты өңдеу, егін егу жөнінде секцияларда белгіленген шараларды бекітті және осы мәселелер жөнінде қаулы қабылдады.

Колхозшылар колхоздың қоғамдық шаруашылығын нығайта беру үшін қажырлылықпен еңбек етуде. Олардың қажырлы еңбегі де жоғары бағаланған. Колхозшылар Айтмурзин, Тоқпатуллин, Ахметов жолдастардың семьяларының әрқайсысы үстіміздегі жылы 1500-ден 1800-ге дейін еңбеккүн тапты. Бұл семьялар тапқан еңбеккүндеріне 135 пұттан 162 пұтқа дейін астық, 1600 сомнан 2300 сомға дейін ақша алды. Мұндай мол табыс алғандар колхозда көптеп саналады.

### *Колхозды ауылдың озаттары*

Колхозда алдыңғы қатарлы адамдар көптеп саналады. Солардың бірі —малшы Еркалин жолдас. Еркалин жолдас өткен жылы өз қарамағындағы малдардың бірде- бірін шығынға ұшыратпай аман өсірді. Ол баққан малдың қоңдылығы да жоғары болды. Оның бұл қажырлы еңбегі жоғары бағаланып, Еркалин жолдас Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысу правосына ие болды. Көрмеге барып келгеннен кейін ол онда үйренген тамаша бай тәжрибелерді колхоздың басқа малшыларына да үйретіп жүр.

60 жастағы қарт тракторшы Бошанов жолдастың да еңбектегі көрсеткіші айтарлықтай. Ол зябь жыртуда тапсырмасын 120 процнттен асыра орындады. Қажырлы еңбекпен көзге түскен Социалистік Еңбек Ері Қ. Асадулаев және Нұрпейісов, Сұңғатуллина, Баймақанова жолдастарды да атап өткен жөн. Кәзір колхозшылар келесі жылдың егісіне әзірлікті қызу жүргізуде.

### *Кітапхана мен клубта*

Ауылдық кітапханада 2 мың данаға жуық көркем, саяси және ғылми әдебиеттер бар. Кітапхананың тұрақты кітап оқушыларының саны 350-ден асады. Мұнда олардың күшімен кітап оқушылар конференциясы жиі өткізіліп тұрады.

Колхоз клубы да еңбекшілердің сүйікті орнына айналған. Клубта көркемөнерпаздар үйірмесі колхозшылар үшін үнемі концерттер беріп, пьесалар көрсетіп отырады. Сол сыяқты, ғылми- көпшілік, саяси, ауылшаруашылық тақырыптарында колхоз интеллигенттерінің күшімен лекциялар оқылады. Кітапхана мен клуб коллективі кәзір Қазақ ССР халық соттары сайлауы қарсаңындағы үгіт- бұқаралық жұмыстарына белсене араласуда.

**С. ҚАНАФИН,**
**(Өз тілшіміз).**

**Преснов ауданы.**

...

отыр. Бұл міндет табыспен орындалуда.

1953 жылдың өзінде-ақ өндірістік өнімнің жалпы көлемі соғысқа дейінгі, 1938 жылдағы дәрежесінен 9,5 есе асып түсті, ал осы жылдың аяғына дейін бұл соғысқа дейінгіден 11,4 есе өсетін болады. Халықтық өкмет орнағаннан кейінгі жылдар ішінде Албанияда отандық өнеркәсіп — тау-кен, тоқыма, қант, энергетикалық өнеркәсіптері құрылды. Егер бұрын Албания қантты, мақта маталарын және жұқа тақтайларды сырттан алса, енді жақында ол бұл товарларды шетелдерге шығарып сататын болады. Өткен жылы өнім шығару қуаты жылына 20 миллион метр мата шығаратын тоқыма комбинаты, жылына 100 мың центнер қант өндіретін қант комбинаты, қуатты су электр станциясы, ағаш өңдейтін комбинат, жүн-мата фабрикасы, мақта тазартатын, күріш ақтайтын фабрикалар және басқа да бірқатар өнеркәсіп орындары салынды. 1947 жылға дейін Европада Албания ғана темір жолы жоқ ел болушы еді, енді Албанияда төрт темір жол торабы жұмыс істейді.

Ауыл шаруашылығын қайта құруда үлкен өзгерістер болды. Ел азат етілгеннен кейін Халықтық өкмет қолма-қол аграрлық реформа жүргізуге кірісті, ол бойынша 70 мың 211 шаруа семьясы 173 мың гектар жер, 6 мың бас мал және 238 мың зайтун ағашын алды. Ауыл шаруашылығының механизмдермен қарулануы артты. Егер 1938 жылы Албанияда бар болғаны төрт-ақ трактор болса, кәзір елдің МТС-терінде және мемлекеттік ауыл шаруашылықтарында 800-ге жуық трактор, 26 комбайн, мыңдаған молотилка, сеялка, плуг және басқа да ауылшаруашылық машиналары бар. Халықтық өкмет тұсында егіс алаңы 69,7

...

жасады. Албания үкметі бейбітшілікті нығайтуға және халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге бағытталған қандай ғана болса да инициативаны қолдауға өзінің дайын екенін бүкіл дүние жүзі алдында талай рет көрсетті. Албания Совет Үкметінің Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру жөніндегі ұсынысын белсенді түрде қуаттауда.

Албан халқы өзінің барлық табыстарымен Совет Одағына, оның көмегі мен қолдауына борышты екендігін жақсы біледі. «Албан халқының азат етілуі,— деп жазады «Зери и популлит» газеті,— 1944 жылғы 29 ноябрьдегі жеңісі, Халықтық республикасының құрылуы, сол сыяқты, социализм құрылысы жолында албан халқының қол жеткен табыстары Совет Одағының достығы мен көмегіне байланысты. Совет Одағымен достық — біздің барлық жеңістеріміздің кепілі».

Өткен он жыл ішінде жаңа өмір құруда бұрын болып көрмеген табысқа жете отырып, албан еңбекшілері өзінің [illegible]ральдық-саяси бірлігін және Албания Еңбек партиясының төңірегіне топтасуын барған сайын нығайтуда. Мұның өзі әсресе Халық жыйналысына үстіміздегі жылдың май айында өткізілген сайлауда айқын көрінді: сайлауға барлық сайлаушылардың 99,9 проценті қатысты; демократиялық майданның кандидаттарына дауыстың 99,8 проценті берілді.

Албания Халық Республикасының он жылдығы —албан халқының ғана емес, сонымен бірге барлық бостандық сүйгіш және бейбітшілік сүйгіш халықтардың да мерекесі. Албанияның үлгісі халықтық-демократиялық құрылыстың ұлы өмірлік күшін бүкіл дүние жүзі алдында танытып отыр.

**В. СМИРНОВ.**

## Москвалықтардың шақыруы бойынша

Алматының ет-консерві комбинаты 1955 жылдың есебіне өнім беруде. Үстіміздегі жылы комбинат өткен жылғы осы уақыттағыдан 11 миллион сомның ет өнімін артық шығарды.

Москваның озат кәсіпорындарының үндеуін талқылап, комбинаттың коллективі бесжылдық жоспарды келесі жылғы 5 декабрьге дейін орындауға, малды алғашқы өңдеуден өткізетін механикаландырылған жаңа заводтың құрылысын 1955 жылы аяқтауға міндеттенді.

Міндеттеме жүзеге асырылуда. Кәсіпорынының цехтарында еңбек өнімділігін арттыру жолындағы жарыс өрістеді. Әсресе мал союын цехтың жұмысшылары жоғары еңбек өнімділігіне жетті. Олардың бәрі де өндірістік тапсырмаларын асыра орындауда.

Консерві цехы күн сайын жоспардан тыс өнім береді. Ол кәзірдің өзінде тапсырмаға қосымша бір миллион банктен аса ет консервісін шығарды. Комбинаттың 12 бригадасына мінсіз сапалы өнім шығаратын бригада деген құрметті атақ берілді.

(ҚазТАГ).

## Құрылыс материалдарын өндіру ұлғаюда

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). «Иртышгэсстрой» тиімді құрылыс материалдарын өндіруді ұлғайтуда. Құрастырмалы темірбетон заводын қайта құру жұмыстары жүргізілді. Кәсіпорын жаңа механизмдермен жабдықталды, бұл механизмдер Бұхтарма СЭС-іне арнап темірбетон конструкциялар шығаруды төрт еседей арттыруға мүмкіндік береді.

Үлкен серпімді бетоннан көлемді қабырға блоктарын жасайтын Шығыс Қазақстандағы тұңғыш цех салына бастады, мұндай блоктар жасауға жергілікті материал пайдаланылады. Далалық жағдайда жасалған осындай блоктардан Серебрянкада бірнеше үй салынды, бұлардың құрылысы кірпіш қолданғандағыдан екі еседей арзанға түсті. Жаңа цех ай сайын қабырғаға қаланатын 600—700 текшеметр блоктар шығармақ.

# А. Я. Вышинскийді жерлеу

Аса көрнекті мемлекет қайраткері, Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, ССРО Сыртқы Істер Министрінің бірінші орынбасары, ССРО Жоғарғы Советінің депутаты, академик Андрей Януарьевич Вышинский жолдаспен қоштасу үшін 26 ноябрьде таңертеңнен бастап мыңдаған адамдар Одақтар Үйінің Колонналы Залына келе бастады.

Марқұмның сүйегінің күлі салынған урна биіктеу жерде қалың гүлдердің ортасында тұр. Оның бергі алдында —Андрей Януарьевич Вышинскийдің қарамен көмкерілген үлкен портреті. Атлас жастықтардың үстінде—үкімет наградалары: А. Я. Вышинскийдің Совет мемлекеті мен Коммунистік партияның алдында сіңірген аса үздік еңбектері үшін алған алты Ленин ордені, Еңбек Қызыл Ту ордені, медальдар қойылған.

Чайковскийдің, Бетховеннің, Лудовтың, Шопеннің, Направниктің, Грихтің күйлері естілуде... Залда А. Я. Вышинскийдің әйелі мен қызы, марқұмның туысқандары мен жақындары. СОКП Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің мүшелері, ССРО Жоғарғы Советінің депутаттары, Совет Армиясының даңқты қолбасшылары, совет дипломаттары, аса көрнекті ғалымдар, Москва кәсіпорындарының жұмысшылары, астананың партия және совет активі қаралы вахтаға тұруда.

Урна қойылған тұғырдың қасында, Колонналы Зал мен фойэ қабырғаларының өн бойында—РСФСР Жоғарғы Советінің Президиумы мен Министрлер Советінен, сонымен қатар басқа да одақтас республикалардан, ССРО Жоғарғы соты мен ССРО Прокуратурасынан, ССРО Юстиция министрлігінен әкеліп қойылған веноктар тұр.

Адамдардың Одақтар үйіне лек-легімен келуі төрт сағат бойы үзілмеді. Отанымыздың адал ұлы А. Я. Вышинскийдің сүйегінің күлі салынған урнаның алдынан талай ондаған мың еңбекшілер өтіп, олар Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткерлерінің біріне ақырғы рет құрмет көрсетті.

Ақырғы рет қоштасудың соңғы минуттары. В. М. Молотов, М. Г. Первухин, А. И. Кириченко, И. Ф. Тевосян, А. Ф. Засядько, А. А. Андреев, В. А. Зорин, В. В. Кузнецов жолдастар құрметті қарауылға тұрды.

Күндізгі екі сағат 30 минут. Урна тұғырдан алынып, залдан сыртқа шығарылды. Асалы марштың күйі тартылып, қаралы процессия Қызыл Алаңға қарай баяу жылжып келеді.

Жауынгерлік туларын төмен иген әскерлер сап түзеп тұр. Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері, талантты совет дипломаты, ірі ғалым, Советтік Отанның жалынды патриоты А. Я. Вышинскийдің жарқын бейнесін еске түсіру үшін астананың мыңдаған еңбекшілері келді.

Москвада тіркелген дипломатиялық өкілдіктердің басшылары, бірқатар дипломатиялық өкілдіктердің мүшелері мен қызметкерлері қатысып отыр.

Күндізгі сағат 3. А. Я. Вышинскийдің сүйегінің күлі салынған урна Ленин мен Сталин Мавзолейінің қарсы алдына қойылды.

Мавзолейдің трибунасына Н. А. Булганин, К. Е. Ворошилов, Л. М. Каганович, Г. М. Маленков, В. М. Молотов, М. Г. Первухин, М. З. Сабуров, Н. С. Хрущев. А. И. Кириченко, П. К. Пономаренко, Н. М. Шверник, П. Н. Поспелов, М. А. Суслов, Н. Н. Шаталин жолдастар, жерлеуді ұйымдастыру жөніндегі Үкмет Комиссиясының мүшелері шықты.

А. Я. Вышинскийді еске түсіруге арналған қаралы митингті М. Г. Первухин жолдас ашты.

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінен, ССРО Министрлер Советінен, ССРО Жоғарғы Советінің Президиумынан В. М. Молотов жолдасқа сөз берілді.

Вышинский жолдас өз өмірінің, қайнаған жігерінің және жарқын талантының көп жылдарын совет юстиция органдарында істеген практикалық жұмысқа және советтік право ғылымының мәселелерін талдап шешуге жұмсады.

Партия Вышинский жолдасты мемлекет жұмысының жауапты участоктеріне және соның ішінде совет юстициясы саласындағы жауапты участоктерге жіберіп отырды.

Әртүрлі уақытта ССРО Жоғарғы сотында, РСФСР Прокуратурасы мен Юстиция Халық Комиссариатында, ал содан кейін Совет Одағының Прокуроры болып жұмыс істей отырып, Вышинский жолдас большевиктік жалынды жігерін және жоғары талап қоятынын, өзінің ұлы Отанына жалынды сүйіспеншілігін және оның жауларына қарсы бітіспес өшпенділігін әрқашан да көрсетіп келді.

Юстиция органдарындағы, сондай-ақ мемлекеттік жұмыстың басқа да жауапты участоктеріндегі практикалық зор жұмысты Андрей Януарьевич Вышинский советтік право саласындағы өте жемісті болған ғылми жұмыспен ұштастырып отырды. Советтік право саласындағы аса көрнекті еңбектерінің бірі үшін Андрей Януарьевич Вышинский Сталиндік сыйлық алды.

Совет юстициясы саласындағы, сондай-ақ басқа да мемлекеттік және дипломатиялық қызметтердегі өзінің бүкіл жұмысымен Вышинский жолдас юстиция қызметкерлерінің құрметтеуіне және сүйіспеншілігіне ие болды, юстиция қызметкерлері оның заң практикасы мен ғылымына үнемі көңіл бөлетін адам екенін көрді және оны ең көрнекті совет юрисі деп әбден орынды санады.

Вышинский жолдас өзінің бүкіл өмірі мен тамаша талантын елімізде коммунизм орнатудың ұлы ісіне қызмет етуге, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік орнату жолындағы күреске жұмсады.

Ол Коммунистік партияның адал ұлы болды, өмірінің ақырғы сағатына дейін өз халқына, өзінің сүйікті Отанына қызмет етіп, Отанымыздың ұлылығы және көркейе беруі үшін өзінің барлық күші мен білімін жұмсады.

Андрей Януарьевич Вышинскийдің жарқын бейнесі совет адамдарының жүрегінде мәңгі сақталады.

ССРО Ғылым академиясының президенті А. Н. Несмеянов сөз сөйледі.

## *В. М. Молотов жолдастың сөзі*

Жолдастар!

Бүгін біз Андрей Януарьевич Вышинскиймен қоштасып отырмыз. Совет халқы мен Коммунистік партия ауыр қазаға ұшырады. Аса көрнекті совет мемлекет қайраткері және Коммунистік партияның адал ұлы, ірі ғалым-юрист, халықаралық істерде Совет Одағының мүдделерін қажымастан және жан-тәнімен қорғап келген адам біздің арамыздан кетті. Онымен бірге жұмыс істеген біздер жақын адамымыздан, сергек жолдасымыздан, қымбатты досымыздан айырылдық.

Андрей Януарьевич біздің социалистік мемлекетіміздің жанаямаған және мамандығы жоғары құрылысшы екенін көрсетті. Оның зор қабілеті, үнемі толықтырып келе жатқан жан-жақты білімі және асқан қажырлы қайраты советтік құрылыстың әртүрлі салаларында қолданылып, өзінің жемісін берді.

...шыларға қарсы, империалистік соғыстарға қарсы, бір халықтарды басқа халықтарға айдап салу әрекеттеріне қарсы қажырлы күрес жүргізудің қаншалықты қажет екенін Вышинскийдің есімі әрқашан да еске салып отыратын болады.

Халықтар арасында бейбітшілік пен достықты нығайту ісін өзінің ең бірінші міндеті етіп қойып отырған Совет Одағының саясатын айнымастан және іскерлікпен жүргізуші бола отырып, А. Я. Вышинский бұл қасиетті істі аброймен қорғап келді. Ол осы іскерлігімен бүкіл демократиялық лагерьдің халықаралық позицияларын нығайтуға көп жағынан көмектесті. Сонымен бірге, мұның халықаралық ынтымақты тұтас алғанда неғұрлым қолайлы дамыту үшін зор маңызы болды.

Бұрынғы кезде де, сондай-ақ соңғы күндер мен апталарда да А. Я. Вышинский, бейбітшілік ісін қорғай отырып, Біріккен...

## *А. Н. Несмеянов жолдастың сөзі*

Жолдастар, біз бүгін өзінің бүкіл өмірін Отанға жан-тәнімен қызмет етуге жұмсаған тамаша мемлекет және қоғам қайраткері, ірі ғалым—Андрей Януарьевич Вышинскиймен қатты қайғырып қоштасып отырмыз.

Андрей Януарьевичтің қызметін азғана сөзбен сыйпаттап беру мүмкін емес—ол қажымас қайрат пен көп салалы қызмет атқарды. Аса көрнекті дипломат, Советтер Елінің тамаша шешені, бейбітшілік пен халықаралық ынтымақ жолындағы қажымас күрескер— Андрей Януарьевичтің есімі бүкіл дүние жүзіне мәлім.

Андрей Януарьевич өзінің ғылми мәселелерге жан-жақты және кең көлемді көңіл бөлуімен ерекше көзге түскен ғалым болды. Академик Вышинский право туралы ғылым саласында 100-ден аса ғылми еңбектер жазды. Ол советтік сот құрылысы және сот істерін жүргізу саласында аса бағалы ғылми еңбектер жасап берді. «Советтік праводағы сот айғақтарының теориясы» деген оның іргелі зерттеу еңбегі советтік право ғылымына қосылған ірі үлес болып табылады. Оның халықаралық право саласындағы ғылми және практикалық жұмысы да аса көрнекті болды.

Андрей Януарьевич советтік және халықаралық правоның проблемаларын талдап шешумен ғана тынған жоқ, ол мемлекет туралы маркстік-лениндік ілімді терең талдап шешіп, ілгері дамытты.

Советтік право ғылымының табыстары академик Вышинскийдің есімімен тығыз байланысты. Ол право саласындағы ғылми-теориялық жұмыстың жұрт таныған жетекшісі болды.

Андрей Януарьевичтің кадрлар даярлау ісіндегі ролі де зор. Ол юристердің, халықаралық право мәселелері жөніндегі сарапшылардың, ғылми қызметкерлердің тұтас бір ұрпағын тәрбиелеп өсірді. Ол Москва университетінің профессоры және ректоры болды. Оның ректор болған аса көрнекті жылдары университеттің өмірінде осы уақытқа дейін есте қалып отыр.

ССРО Ғылым академиясы академик Вышинскийге көп қарыздар. Ол бірқатар жылдар бойы академия президиумының мүшесі болды және, жауапты мемлекеттік қызметпен өзінің бүтіндей шұғылданып отырғанына қарамастан, Ғылым академиясының жұмысына әрқашан да зейін салып, оның табыстарына қуанатын еді, сәтсіз болған істерге қынжылатын еді. Ол академияға көмектесу, оның жұмысын дамытып, жақсартуға атсалысу үшін уақыт табатын еді.

Ол Ғылым академиясының право институтының ұйымдастырушысы және алғашқы басшысы болды.

Андрей Януарьевич совет ғалымдарының арасында орасан зор беделмен пайдаланды, совет ғалымдары оны аса көрнекті мемлекет қайраткері, талантты ғалым-коммунист, кіршіксіз таза адам деп бағалады.

Андрей Януарьевичтің есімін әрқашан да жадымызда сақтаймыз және ол Отанымыздың игілігіне қажымастан, жалынды жігермен қалай жұмыс істеген болса, біз де сондай жұмыс істеуге ұмтыламыз.

Москва қаласы мен Москва облысының еңбекшілері атынан еңбекшілер депутаттарының Москва облыстық Советі атқару комитетінің председателі А. П. Волков жолдас сөз сөйледі.

# № 16 Ленин сайлау округі бойынша халық судьялығына және халық заседательдігіне кандидаттарды тіркеу туралы

## Еңбекшілер депутаттары қалалық Совет аткомінің қарары

Петропавл қаласы № 864 26 ноябрь 1954 жыл

Халық судьялығына және халық заседательдігіне кандидаттар ұсыну жөніндегі Коммунистік партия ұйымдарынан, кәсіподақтары және басқа да қоғам ұйымдарынан түскен материалдарды қарап, «Қазақ ССР халық соттарының сайлауы туралы Ереженің» 27-және 31-статьяларын басшылыққа ала отырып, қалалық Совет аткомі **қаулы етті:**

1. № 16 Ленин сайлау округі бойынша халық судьялығына дауысқа түсу үшін шағын двигательдер заводының және спирт комбинатының жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері ұсынған, 1922 жылы туған, СОКП мүшесі, Моторная көшесі, 47-үйде тұрушы, нотариальдық мекеменің аға нотариусы Валентина Ивановна **Галныкина** кандидат болып тіркелсін.

2. № 16 Ленин сайлау округі бойынша халық заседательдігіне кандидат болып мына жолдастар тіркелсін:

1. **Аубакирова** Бәнәт, 1917 жылы туған, СОКП мүшесі, қалалық сауда мекемесі тігін мастерскойының бухгалтері, осы мастерскойдың қызметкерлері коллективі ұсынған.

2. **Артемьева** Мария Семеновна, 1917 жылы туған, партияда жоқ, байланыс бөлімшесі бастығының көмекшісі, қалалық байланыс мекемесінің кәсіподақ ұйымы ұсынған.

3. **Әлкиев** Ғабдрашит Ысқақұлы, 1927 жылы туған, партияда жоқ, шағын двигательдер заводының наладщигі, осы заводтың жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілер коллективі ұсынған.

4. **Алексенко** Мария Георгиевна, 1924 жылы туған, партияда жоқ, шағын двигательдер заводының техникалық архивінің меңгерушісі, осы заводтың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

5. **Ахметғалиев** Неғметжан 1902 жылы туған, СОКП мүшесі, «Главмука» завод басқармасының күзетшісі, «Главмука» завод басқармасының қызметкерлер коллективі ұсынған.

6. **Аубакирова** Мүнирә, 1926 жылы туған, СОКП мүшесі, № 4 орта мектептің оқытушысы, осы мектептің Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

7. **Безуглова** Валентина Яковлевна, 1913 жылы туған, СОКП мүшесі, № 8 шаруашылық есептегі магазин директорының орынбасары, қалалық сауда мекемесінің Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

8. **Бегишев** Наил Шакирұлы, 1928 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, «Прогресс» артелінің бухгалтері, осы артельдің мүшелері ұсынған.

9. **Барамзин** Николай Андреевич, 1896

24. **Золотилина** Евдокия Карповна, 1924 жылы туған, партияда жоқ, қалалық кәсіподақ ұйымы ұсынған.

25. **Захарова** Клавдия Васильевна, 1922 жылы туған, СОКП мүшесі, қалалық кәсіподақ ұйымы ұсынған.

26. **Ибрагимова** Зұлайха Закиржанқызы, 1927 жылы туған, партияда жоқ, «1-Май» артелінің цех мастері, осы артельдің мүшелері ұсынған.

27. **Кулакова** Ефросинья Петровна, 1922 жылы туған, СОКП мүшесі, саяси және ғылми білімдер тарату жөніндегі қоғамның секретарь-машинисткасы, осы қоғамның коммунистік партия ұйымы ұсынған.

28. **Кермас** Альвина Иогановна, 1903 жылы туған, СОКП мүшесі, қалалық сауда мекемесінің жоспарлау бөлімінің бастығы, осы мекеменің Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

29. **Косюлина** Мария Васильевна, 1931 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, қалалық сауда мекемесінің аға бухгалтері, осы мекеменің комсомол ұйымы ұсынған.

30. **Колмогорова** Таисия Ивановна, 1898 жылы туған, партияда жоқ, аптеканың сиглоранты, аптека басқармасының қызметкерлер коллективі ұсынған.

31. **Кашляк** Николай Сергеевич, 1920 жылы туған, СОКП мүшесі, облыстық баспаның бастығы, облыстық мәдениет басқармасының Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

32. **Колесникова** Идия Павловна, 1924 жылы туған, партияда жоқ, қалалық байланыс мекемесінің технигі, қалалық байланыс мекемесінің кәсіподақ ұйымы ұсынған.

33. **Кацерикова** Анастасия Ивановна, 1917 жылы туған, партияда жоқ, асханалар және рестораңдар трестінің асбапшысы, трест жұмысшылары мен қызметшілер коллективі ұсынған.

34. **Кормин** Петр Ефимович, 1909 жылы туған, СОКП мүшесі, спирт комбинатының өрт күзеті бастығы, осы комбинаттың жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілер коллективі ұсынған.

35. **Кондратенко** Раиса Петровна, 1916 жылы туған, СОКП мүшесі, қалалық электр сетінің есепші-картотетчигі, қалалық электр сетінің кәсіподақ ұйымы ұсынған.

36. **Крутилова** Ефросинья Ивановна, 1907 жылы туған, партияда жоқ, Киров атындағы заводтың экономисі, осы заводтың жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілер коллективі ұсынған.

37. **Котова** Валентина Георгиевна,

ол елімізді азық-түлікпен жабдықтауды қамтамасыз ету жөніндегі жауапты қызметтерде істеді. Бұл істің, әсресе, сол кезде аса зор маңызды болғаны жұртқа мәлім.

Бұдан кейін Андрей Януарьевич бір қатар жылдар бойы халық ағарту саласында үлкен жұмыстар істеді. Бұл арада, ең алдымен, оның жоғары білімді дамыту жөнінде ойдағыдай жұмыс істегенін айту керек.

30-жылдарда А. Я. Вышинский, көбінесе, совет прокуратурасы мен юстиция органдарында басшы қызметтерде істеді. Советтік заңдылықты қорғап сөйлеген оның тамаша сөздері және Совет мемлекетінің жауларына қарсы, зиянкестер мен шетелдік бүлдіргіш агентураға қарсы, троцкийшілдер мен оңшылдардың сатқын топтарына қарсы сөйлеген және біздің бәріміздің есімізде қалған оның айыптау сөздері—оның совет халқының алдында сіңірген зор және ұмытылмас еңбегі болып табылады.

Соңғы 14 жыл бойы Андрей Януарьевич еліміздің халықаралық аренадағы басты өкілдерінің бірі ретінде жұмыс істеп келді. Халықаралық кеңестерде және Біріккен Ұлттар Ұйымында оның сөйлеген күшті және талантты сөздері, мұның өзі Совет мемлекетінің бүкіл саясатына сай келіп отырғанындай, әрқашан да бейбітшілік пен социализм мүдделерін қорғау мақсатын көздеді. Совет халқының ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзі халықтарының арасында да Вышинскийдің есімі оның халықтар арасындағы бейбітшілік жолындағы, бейбітшілікті сақтауға және нығайтуға көмектесетін барлық шараларды қолдау жолындағы қажымас күресімен байланысты. Сонымен бірге, соғыс өртін тұтандырушыларға қарсы... Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында қажырлы күрес жүргізді. Қару-жарақты жаппай азайтуға, атом қаруына және жаппай қырып, жоятын басқа қаруға тыйым салуға, сөйтіп атом қуатын тек бейбіт мақсаттарға ғана пайдалануға, бағытталған қаралар қабылдауға күш салу оның басты міндеті болды. Бейбітшілік ісі жолындағы және халықтар арасында достықты нығайту жолындағы осы қажырлы және игілікті күресте Андрей Януарьевич өзінің күшін, денсаулығын аямады. Совет халқына және барлық басқа бейбітшіл халықтарға сонщалықты қажет болып отырған осы жұмыс қызу жүргізіліп жатқан кезде оны қатаң ажал алып кетті.

Андрей Януарьевич асқан еңбек сүйгіш адам болды. Ол өзінің бүкіл өмірін істің мүдделеріне, халықтың мүдделеріне бағындырды.

Оның сергек және принципті жолдас, тұрмыста өте қарапайым, ең алдымен өзіне қатты талап қоятын адам болғаны бізге мәлім. Оның артында көптеген достары қалды, бұл достары оны және оның даңқты істерін әрқашан да құрметпен және сүйіспеншілікпен есте сақтайтын болады.

Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері және халықтар арасында бейбітшілік пен достықты нығайтудың советтік саясатын тамаша іскерлікпен жүргізуші болған, Коммунистік партия мен совет халқының адал және талантты ұлы болған Андрей Януарьевич Вышинскийдің есімін совет адамдары ұзақ жылдар бойы есінде сақтайды.

Қош бол, қымбатты досымыз, қымбатты жолдасымыз!

Юстиция қызметкерлерінен ССРО Юстиция министрі К. П. Горшенин жолдас сөз сөйледі.

## К. П. Горшенин жолдастың сөзі

Жолдастар!

Бүгін біз совет халқының адал ұлы, аса көрнекті мемлекет қайраткері, Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі Андрей Януарьевич Вышинский жолдасты ақырғы сапарға шығарып салып отырмыз.

Совет юстициясының қызметкерлері, бүкіл халықпен бірге, бұл ауыр қазаға қатты қайғыруда.

## А. П. Волков жолдастың сөзі

Жолдастар!

Москва қаласы мен Москва облысының еңбекшілері аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері—Андрей Януарьевич Вышинскийдің қайтыс болғаны жөнінде өздерінің қатты қайғыратынын білдіреді.

Вышинский жолдастың есімі біздің елімізде және бүкіл дүние жүзінде кеңінен мәлім болды. Коммунистік партия, Совет Үкіметі және халқымыз Андрей Януарьевич Вышинскийдің социалистік Отан алдында сіңірген аса үздік еңбектерін жоғары бағалайды.

Партия жіберген барлық қызметтерде Вышинский жолдас өзінің барлық күшін, білімін және талантын туған совет халқына адал қызмет етуге жұмсады.

Социализм мен демократия лагерінің қуатын, халықтар арасындағы достықты нығайтуға, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті баянды етуге бағытталған партия мен Совет мемлекетінің саясатын жүзеге асыру жолындағы табанды және қажымас күрескер арамыздан кетті.

Совет Одағының Үкіметінде және оқу органдарында жауапты қызметтерде бола отырып, Андрей Януарьевич Вышинский өзінің бүкіл қайнаған жігерін халық ағарту жұмысын, мәдениет пен ғылымды дамыту ісіне, советтік интеллигенция кадрларын даярлау ісіне жұмсады.

Вышинский жолдас өмірінің көп жылдарында Москвада жұмыс істеді.

Совет өкіметінің алғашқы жылдарында ақ Москва Мемлекеттік университетінің ректоры және профессоры қызметінде болған кезде Андрей Януарьевич Вышинский өзінің жемісті жұмысымен астанадағы совет студенттерінің және барлық алдыңғы қатарлы ғалымдардың әбден орынды құрметтеуіне және сүйіспеншілігіне ие болды.

Москва қаласы мен Москва облысының еңбекшілері Вышинский жолдастың белсенді қоғам қайраткері, астананың әртүрлі аудиторияларында жарқын ғылми және саяси баяндамалар жасаған марксизм және ленинизм идеяларының жалынды насихатшысы болғанын біледі.

Андрей Януарьевич Вышинскийді халық әрқашан қадірлеп, оған сенім білдірді. 1921 және 1922 жылдары Москваның жұмысшылары Вышинский жолдасты жұмысшылар, шаруалар және солдаттар депутаттары Москва Советінің мүшесі етіп сайлады. Ол 1947 жылдан өмірінің ақырғы күніне дейін еңбекшілер депутаттары Москва Советінің депутаты болып, оның жұмысына белсене қатысып келді.

Москва қаласы мен Москва облысының еңбекшілері Андрей Януарьевич Вышинскийдің жарқын бейнесін жүрегінде мәңгі сақтайды.

Қош бол, біздің қымбатты досымыз және айнымас жолдасымыз!

* * *

Қаралы митинг аяқталды. Н. А. Булганин, К. Е Ворошилов, Л. М. Каганович, Г. М. Маленков, В. М. Молотов, М. Г. Первухин, М. З. Сабуров, Н. С. Хрущев, А. И. Кириченко, П. К. Пономаренко, Н. М. Шверник, П. Н. Поспелов, М. А. Суслов, Н. Н. Шаталин жолдастар А. Я. Вышинскийдің сүйегінің күлі салынған урнаны ұқыптылықпен көтеріп алды. Процессия Кремльдің қабырғасына қарай жүрді. Урна лақатқа қойылды. Лақат мрамор тақтамен жабылды. Бұл тақтада мынадай сөздер алтын әріптермен қашалып жазылған:

**АНДРЕЙ ЯНУАРЬЕВИЧ ВЫШИНСКИЙ**

18 $\frac{10}{XII}$ 83 19 $\frac{22}{XI}$ 54

Үш дүркін атылған артиллерия дүрсілі естілді, Совет Одағының Мемлекеттік Гимні тартылды. Мавзолейдің алдынан әскерлер өтті.

(СОТА).

## Жергілікті өнеркәсіп қызметкерлерінің жарысы

Москваның жергілікті өнеркәсібі зор табыстарға жетті. Үшінші тоқсандағы социалистік жарыстың қорытындылары бойынша оның басқармасына РСФСР Министрлер Советінің ауыспалы Қызыл Туы берілді.

Астананың жергілікті өнеркәсіп қызметкерлері активінің 24 ноябрьде болған жиналысында 1954 жылға алынған социалистік міндеттемелердің орындалуы және бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы міндеттер туралы мәселе талқыланды. Баяндамашы —Москва қалалық атқару комитетінің жергілікті өнеркәсіп басқармасының бастығы Иванов жолдас биылғы жылы кәсіпорындардың мебельді, аяқ киімді, патефондарды, трикотаж ішкиімдерді және басқа товарларды едәуір көп шығарғанын хабарлады. Жеке заказ бойынша ерлердің, әйелдердің және балалардың киімін тігу екі еседен артты.

Көптеген кәсіпорындарды механикаландыру және бірыңғай өнімдер шығаруға бейімдеу нәтижесінде еңбек өнімділігі бесжылдықтың басынан бері 48,5 процент артты. Жалпы өнім шығару жоспары 3 жыл 10 айда 644,1 миллион сом болып асыра орындалды; 1950 жылғы өндіріс дәрежесі 60 процент арттырылды. Сонымен, жалпы өнім шығарудың бесжылдықтың аяғына жоспарланған дәрежесіне қол жетті.

Астананың озат кәсіпорындарының патриоттық бастамасын қолдай отырып, жиналысқа қатысушылар бесжылдық жоспарды 1955 жылдың октябріне дейін орындауға социалистік міндеттемелер алды.

## Жаңа машиналар

ЛЕНИНГРАД, 25 ноябрь. (СОТА). Самойлова атындағы кондитер фабрикасында өндірістік процестер механикаландырылуда. Мұның арқасында өнім шығару артуда.

Халва шығаратын цехта жаңа машиналар орнатылды, конфект таңбалайтын агрегаттарға салып тұру механикаландырылды. Еңбек өнімділігі екі-үш есе артты. Бисквит шығаратын ротациялық-қалыптағыш агрегаттар іске қосылды. Олар штамптардың орнына пайдаланылады. Мұның өзі еңбек өнімділігін 25 процент арттыруға мүмкіндік берді.

Жаңа машиналарды меңгере отырып, кондитершілер еңбек өнімділігін едәуір арттыруда. Барлық цехтар графикті мерзімінен бұрын орындауда. Кәсіпорын өнімді қазірдің өзінде 11 айлық жоспардан тыс шығаруда.

## Ет өнімдерін шығару артуда

ЧИТА, 25 ноябрь. (СОТА). Чита ет тресінің кәсіпорындары жаңа жабдықпен толықтырылуда. Бірсыпыра ет комбинаттарында анағұрлым жетілдірілген топазытқыштар, шұжық, котлет және пельмен шығаратын автоматтар іске қосылды. Қуатты сепараторлар орнатылып, кеспелерді боршалау механикаландырылды.

Жаңа цехтар салынып, ескілері қайта құрылды. Забайкальедегі аса ірі ет-консерві комбинатының бірінші кезеңі іске қосылды, бұл комбинат Борзо қаласында салынып жатыр.

Трестің кәсіпорындары қазір етті күн сайын өткен жылғы осы уақыттағыдан 40 тонна артық шығаруда.

гательдер заводының күзетшісі, осы заводтың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

10. **Бедрин** Александр Иванович, 1899 жылы туған, партияда жоқ, «Главмука» завод басқармасының қойма меңгерушісі, «Главмука» завод басқармасының кәсіподақ ұйымы ұсынған.

11. **Барачевская** Нинель Гиршевна, 1929 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, педагогикалық училищенің оқытушысы, осы училищенің қызметкерлер коллективі ұсынған.

12. **Бегишева** Нәфисә Ғазизқызы, 1905 жылы туған, партияда жоқ, жол басқармасының аға бухгалтері, осы басқарманың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

13. **Волкова** Прасковья Георгиевна, 1922 жылы туған, партияда жоқ, қалалық біріккен аурухананың аға медициналық сестрасы, осы аурухананың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

14. **Вострова** Зинаида Васильевна, 1918 жылы туған, СОКП мүшесі, байланыс мекемесінің нұсқаушысы, байланыс мекемесінің кәсіподақ ұйымы ұсынған.

15. **Вороновский** Дмитрий Герасимович, 1925 жылы туған, партияда жоқ, шойын құю заводының слесарі, осы заводтың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

16. **Васильева** Анна Васильевна, 1927 жылы туған, партияда жоқ, шойын құю заводының бақылаушы мастері, осы заводтың жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілер коллективі ұсынған.

17. **Воробей** Василий Никитович, 1928 жылы туған, СОКП мүшесі, Киров атындағы заводтың токарі, осы заводтың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

18. **Вуколов** Федор Александрович, 1908 жылы туған, партияда жоқ, Киров атындағы заводтың еңбек және еңбекақы бөлімінің бастығы, осы заводтың бастауыш ДОСААФ ұйымы ұсынған.

19. **Воревкин** Александр Петрович, 1884 жылы туған, партияда жоқ, сауда базасының қабылдаушысы, сауда базасының жұмысшылары мен қызметшілер коллективі ұсынған.

20. **Григорьева** Руфина Михайловна, 1923 жылы туған, партияда жоқ, қалалық байланыс мекемесінің телеграф бақылаушысы, осы мекеменің кәсіподақ ұйымы ұсынған.

21. **Горинова** Евдокия Ивановна, 1912 жылы туған, СОКП мүшесі, кәсіподақтардың облыстық Советінің мемлекеттік сауда қызметкерлері кәсіподағы облыстық комитетінің председателі, кәсіподақтардың облыстық Советінің президиумы ұсынған.

22. **Дериглазова** Татьяна Петровна, 1919 жылы туған, партияда жоқ, қалалық біріккен аурухананың медициналық сестрасы, осы аурухананың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

23. **Зольков** Михаил Тимофеевич, 1910 жылы туған, партияда жоқ, құрылыс басқармасының ағаш шебері, құрылыс басқармасының кәсіподақ ұйымы ұсынған.

лыстық соттың консультанты, облыстық соттың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

38. **Ковалев** Феофан Максимович, 1909 жылы туған, СОКП мүшесі, облыстық санақ басқармасының кадр бөлімінің бастығы, осы басқарманың Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

39. **Макаров** Николай Еремеевич, 1911 жылы туған, СОКП мүшесі, қалалық Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

40. **Мұхаметғалиев** Бескөлзан, 1927 жылы туған, партияда жоқ, аяқкиім фабрикасының тазалаушысы, осы фабриканың жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілері ұсынған.

41. **Миронова** Александра Петровна, 1911 жылы туған, партияда жоқ, «Прогресс» артелінің мастері, осы артельдің мүшелері ұсынған.

42. **Маслова** Лидия Ивановна, 1914 жылы туған, партияда жоқ, «Комсомолка» тігін фабрикасының ақау байқаушысы, осы фабриканың жұмысшылары мен қызметшілер коллективі ұсынған.

43. **Манапова** Фаузия Закиқызы, 1927 жылы туған, СОКП мүшесі, шағын двигательдер заводының бақылаушысы, осы заводтың Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

44. **Муратова** Анфиза Константиновна, 1914 жылы туған, СОКП мүшесі, шағын двигательдер заводының бухгалтері, осы заводтың Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

45. **Мальцев** Александр Иванович, 1907 жылы туған, СОКП мүшесі, «Главмука» завод басқармасының механигі, завод басқармасының Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

46. **Новик** Галина Васильевна, 1926 жылы туған, партияда жоқ, қалалық финанс бөлімінің бухгалтері, осы финанс бөлімінің қызметкерлер коллективі ұсынған.

47. **Назаров** Николай Александрович 1904 жылы туған, СОКП мүшесі, асханалар және ресторандар тресінің юрист-консульті, осы тресттің жұмысшылары мен қызметшілер коллективі ұсынған.

48. **Опарина** Мәриәм Нұриддинқызы, 1917 жылы туған, партияда жоқ, май өндірісі базасының эксперті, май өндірісі тресінің және базасының жұмысшылары мен қызметшілер коллективі ұсынған.

49. **Орлова** Зинаида Прокопьевна, 1913 жылы туған, партияда жоқ, шағын двигательдер заводының технигі, осы заводтың бастауыш Қызыл Крест ұйымы ұсынған.

50. **Платова** Нина Георгиевна, 1926 жылы туған, СОКП мүшесі, қалалық Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

51. **Пантелеев** Иван Андреевич, 1914 жылы туған, СОКП мүшесі, шағын двигательдер заводының модельшісі, осы заводтың Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

(Соңы 4-бетте).

# № 16 Ленин сайлау округі бойынша халық судьялығына және халық заседательдігіне кандидаттар тіркеу туралы

## Еңбекшілер депутаттары қалалық Совет аткомінің қарары

Петропавл қаласы № 864 26 ноябрь 1954 жыл

(Соңы. Басы 3-бетте).

52. **Рассказова** Пелагея Павловна, 1910 жылы туған, партияда жоқ, ет комбинатының жұмысшысы, ет комбинатының кәсіподақ ұйымы ұсынған.

53. **Рыбко** Валентина Ивановна 1925 жылы туған, партияда жоқ, қалалық сауда мекемесінің № 1 магазинінің меңгерушісі, осы магазиннің қызметкерлер коллективі ұсынған.

54. **Решетникова** Фаина Алексеевна, 1916 жылы туған, СОКП мүшесі, Киров атындағы заводтың жоспарлаушысы, осы заводтың Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

55. **Садовский** Василий Михайлович, 1921 жылы туған, СОКП мүшесі, облыстық кітап саудасы магазинінің директоры, облыстық мәдениет басқармасының Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

56. **Сидоренко** Нина Ивановна, 1931 жылы туған, партияда жоқ, шойын құю заводының бухгалтері, осы заводтың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

57. **Соколовский** Семен Тимофеевич, 1902 жылы туған, СОКП мүшесі, электр сетінің бастығы, қалалық электр сетінің қызметкерлер коллективі ұсынған.

58. **Сафронов** Сергей Федорович, 1925 жылы туған, СОКП мүшесі, Киров атындағы заводтың құрастырушы-слесарі, осы заводтың жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері және қызметшілер коллективі ұсынған.

59. **Степанищева** Елена Афанасьевна, 1913 жылы туған, партияда жоқ, Киров атындағы заводтың аға мастері, осы заводтың жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілер коллективі ұсынған.

60. **Сергеева** Елена Матвеевна, 1915 жылы туған, СОКП мүшесі, Киров атындағы заводтың инженері, осы заводтың бастауыш ДОСААФ ұйымы ұсынған.

61. **Сизиков** Филипп Серапионович, 1913 жылы туған, СОКП мүшесі, шағын двигательдер заводының механигі, осы заводтың Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

62. **Сторожева** Таисия Степановна, 1915 жылы туған, партияда жоқ, «Главмука» завод басқармасының жұмысшысы, завод басқармасының қызметкерлер коллективі ұсынған.

63. **Турта** Петр Лукич, 1923 жылы туған, СОКП мүшесі, құрылыс басқармасының токарі, осы басқарманың Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

64. **Тимченко** Валентина Ивановна, 1931 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, «Петропавл—Заготстрой» тресінің өндіріс-техникалық бөлімінің инженері, осы трестің комсомол ұйымы ұсынған.

65. **Трофимова** Александра Поликарповна, 1917 жылы туған, партияда жоқ, «Петропавл—Заготстрой» тресінің ревизор -бухгалтері, осы трестің кәсіподақ ұйымы ұсынған.

66. **Турашева** Нина Капитоновна, 1930 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, медициналық училищенің лаборанты, осы училищенің комсомол ұйымы ұсынған.

67. **Тимофеева** Елизавета Ефимовна, 1928 жылы туған, партияда жоқ, «Комсомолка» тігін фабрикасы пішу цехының бастығы, осы фабриканың жұмысшылары мен қызметшілер коллективі ұсынған.

68. **Утвенко** Василий Мартынович, 1915 жылы туған, СОКП мүшесі, «Петропавл —Совхозстрой» тресінің инспекторы, осы трестің қызметшілері мен инженер-техник қызметкерлер коллективі ұсынған.

69. **Федоров** Юрий Викторович, 1925 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, Киров атындағы заводтың электр технигі, осы заводтың жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілер коллективі ұсынған.

70. **Чукавина** Нина Афанасьевна, 1925 жылы туған, СОКП мүшелігіне кандидат, қалалық партия комитетінің бухгалтері, қалалық партия комитетінің қызметкерлер коллективі ұсынған.

71. **Широкова** Анна Никитовна, 1921 жылы туған, партияда жоқ, ауа райын бақылайтын станцияның бастығы, ауа райын бақылайтын бюроның кәсіподақ ұйымы ұсынған.

72. **Шихирина** Анна Федотовна, 1915 жылы туған, СОКП мүшесі, «Прогресс» артелінің цех мастері, осы артельдің мүшелері ұсынған.

73. **Юдина** Ирина Федоровна, 1909 жылы туған, партияда жоқ, «І-Май» артелінің жоспарлау тобының бастығы, осы артельдің мүшелері ұсынған.

74. **Юдина** Мария Тихоновна, 1900 жылы туған, партияда жоқ, медициналық училищенің оқытушысы, осы училищенің оқытушылары мен қызметкерлері ұсынған.

75. **Ягуфарова** Зәйнәп Асадолықызы, 1923 жылы туған, партияда жоқ, «Екпінді» артелінің бухгалтері, осы артельдің мүшелері ұсынған.

**Еңбекшілер депутаттарының қалалық Совет аткомінің председателі**
**М. ВОТЯКОВ.**

**Еңбекшілер депутаттарының қалалық Совет аткомінің секретары**
**Ю. ПЛОТНИКОВА.**

# № 17 Октябрь сайлау округі бойынша халық судьялығына және халық заседательдігіне кандидаттар тіркеу туралы

## Еңбекшілер депутаттары қалалық Совет аткомінің қарары

Петропавл қаласы № 865 26 ноябрь 1954 жыл

Халық судьялығына және халық заседательдігіне кандидаттар ұсыну жөніндегі Коммунистік партия ұйымдарынан, кәсіподақтары және басқа да қоғам ұйымдарынан түскен материалдарды қарап, «Қазақ ССР халық соттарының сайлауы туралы Ереженің» 27-және 31-статьяларын басшылыққа ала отырып, қалалық Совет аткомі **қаулы етті:**

І. № 17 Октябрь сайлау округі бойынша халық судьялығына дауысқа түсу үшін былғары заводы, «Комсомолка» тігін фабрикасы, Петропавл нан комбинаты және басқа ұйымдардың жұмысшылары мен қызметшілері ұсынған, 1920 жылы туған, СОКП мүшесі, Коминтерн көшесі № 66 үйде тұрушы, 11-участоктік халық сотының судьясы Григорий Михайлович **Семенов** кандидат болып тіркелсін.

ІІ. № 17 Октябрь сайлау округі бойынша халық заседательдігіне кандидат болып мына жолдастар тіркелсін:

1. **Әбдрахманова** Рашида Ғатиятқызы, ...

16. **Ермолин** Иван Владимирович, 1902 жылы туған, СОКП мүшесі, «Комсомолка» тігін фабрикасының директоры, осы фабриканың партия ұйымы ұсынған.

17. **Захарова** Анна Ивановна, 1914 жылы туған, партияда жоқ, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының агрономы, осы басқарманың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

18. **Зиборов** Иван Григорьевич, 1914 жылы туған, СОКП мүшесі, жасау слесарь-автоматшы, қалалық партия ұйымы ұсынған.

19. **Зудина** Тамара Николаевна, 1925 жылы туған, СОКП мүшесі, облыстық музейдің аға ғылыми қызметкері, музейдің кәсіподақ ұйымы ұсынған.

20. **Ивко** Василий Никитович, 1912 жылы туған, СОКП мүшесі, жұмыс бастықтары басқармасының аға товароведі, осы басқарманың партия ұйымы ұсынған.

21. **Игишева** Ульяна Васильевна, 1919 ...

... наты макарон цехының жұмысшысы, осы комбинаттың комсомол ұйымы ұсынған.

37. **Мельникова** Евдокия Николаевна, 1914 жылы туған, партияда жоқ, қалалық біріккен аурухананың медициналық сестрасы, осы аурухананың медициналық қызметкерлер коллективі ұсынған.

38. **Моисеева** Аграфена Ефимовна, 1917 жылы туған, СОКП мүшесі, былғары заводының есепшісі, осы заводтың жұмысшы, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілер коллективі ұсынған.

39. **Морозова** Мария Федоровна, 1915 жылы туған, СОКП мүшесі, облыстық мәдениет басқармасының машинисткасы, осы басқарманың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

40. **Мотусова** Зоя Степановна, 1907 жылы туған, партияда жоқ, № 2 орта мектептің оқытушысы, осы мектептің коллективі ұсынған.

41. **Мұстаева** Фатима Мұхамедшәрипқызы, 1927 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, ...

... ры, осы бөлімнің кәсіподақ ұйымы ұсынған.

56. **Саможенова** Зинаида Григорьевна, 1919 жылы туған, СОКП мүшесі, Оқытушылар үйінің директоры, Облыстық оқу бөлімінің партия ұйымы ұсынған.

57. **Селиверстов** Виктор Владимирович, 1925 жылы туған, партияда жоқ, Киров атындағы заводтың финанс-сату бөлімінің бастығы, осы заводтың Қызыл Крест қоғамы ұсынған.

58. **Симонова** Анастасия Михайловна, 1923 жылы туған, СОКП мүшесі, облыстық соттың консультанты, облыстық соттың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

59. **Соколова** Зоя Владимировна, 1912 жылы туған, партияда жоқ, ет комбинатының бухгалтері, осы комбинаттың Қызыл Крест қоғамы ұсынған.

60. **Спиридонова** Анфиса Петровна, 1922 жылы туған, СОКП мүшесі, қалалық байланыс мекемесінің телеграф бақылаушысы, осы мекеменің бастауыш ...

# А. И. Микоянның Финляндияға келуі

ХЕЛЬСИНКИ, 26 ноябрь. (СОТА). ССРО Министрлер Советі Председателінің орынбасары А. И. Микоян мен оған ерген адамдар Финляндия үкметінің шақыруымен бүгін Хельсинкиге келді.

Аэродромда А. И. Микоянды және оған ерген адамдарды Финляндияның премьер-министрі У. Кекконен, сыртқы істер министрі И. Виролайнен, сауда және өнеркәсіп министрі А. Симонен, қорғаныс министрі З. Скут, қарулы күштер командашысы генерал К. Хейсканен, верфінде Совет Одағы үшін мұзжарғыш кемелер жасалып жатқан «Вяртсиля» концернінің жетекшілері, сол сияқты, ССРО-ның Финляндиядағы елшісі Н. З. Лебедев қарсы алды.

Аэродром ССРО-ның және Финляндияның мемлекеттік жалауларымен безендірілді.

# БҰҰ Бас Ассамблеясының ІХ сессиясы

## БҰҰ Бас Ассамблеясының экономика және финанс мәселелері жөніндегі комитетінде

НЬЮ-ЙОРК, 24 ноябрь. (СОТА). Бүгін экономика және финанс мәселелері жөніндегі комитет нашар өркендеген елдерге техникалық көмек туралы мәселені қарауды аяқтады.

Бұл мәселені талқылауға қатысқан көптеген нашар өркендеген елдердің— Мексиканың, Чилидің, Эфиопияның, Уругвайдың, Индонезияның өкілдері және басқа өкілдер бұл программаның кейбір табыстарын айтып, сонымен бірге оның кәрмеңділігінің жеткіліксіздігін, көптеген екінші дәрежелі жобаларға қаржылардың быттыратылып жіберілуін және әкімшілік шығындарының өте көп екенін атап көрсетті.

ССРО өкілі А. П. Морозов мынаны мәлімдеді: халықаралық ынтымақты барынша кеңейте беруге және экономика жағынан нашар өркендеген елдердің ұлттық экономикасын өрге бастыруға көмектесуге ұмтылып, Совет Одағының Үкметі БҰҰ-ның техникалық көмек программасына қатысады. Совет Одағы делегациясының,—деді онан әрі А. П. Морозов,—ССРО Үкметі БҰҰ-ның 1955 жылы нашар өркендеген елдерге техникалық көмек көрсету қорына 4 миллион сом бөлуге әзір деп мәлімдеуге уәкілдігі бар.

Осы мақсатпен, деді онан әрі А. П. Морозов, Совет Үкметі оның өнеркәсібімен, ауыл шаруашылығымен және совет халқының тұрмысымен танысу үшін бірқатар елдерді Совет Одағына өздерінің делегациясын жіберуге шақырды. Кәзірдің өзінде Совет Одағында Индияның, Индонезияның, Бирманың, Пакистанның және Аргентинаның экономикалық делегациялары болды; олардың келуі елдердің арасында өзара түсінушілікке жетуге және экономикалық ынтымақтың кеңейтіліп, нығайтылуына сөзсіз көмектесті.

БҰҰ-ның техникалық көмек программасын жүзеге асыруға тоқталып, ССРО өкілі техникалық көмек нашар өркендеген елдердің ұлттық экономикасын нығайтуға және экономикалық, саяси тәуелсіздігіне көмектесуге бағытталуы керек деп көрсетті. Алайда БҰҰ-ның нашар өркендеген елдерге техникалық көмек көрсету жөніндегі бюросының соңғы баяндамасынан байқалып отырғанындай, деді онан әрі Морозов, ұсақ өнеркәсіпті қоса алғанда ұлттық өнеркәсіпті өркендетуге БҰҰ-ның техникалық көмек көрсету қорындағы барлық қаржыларының небары 7,3 проценті ғана жұмсалған.

Польша өкілі Брюштайн мынаны мәлімдеді: Польша үкметі, өткен жылдардағы сияқты, нашар өркендеген елдерге техникалық көмек көрсету үшін финанс, мамандар және жабдықтар беру жөнінде қажетті көмек көрсетуге әзір.

Бұл мәселені талқылау аяқталғаннан кейін комитет бірауыздан қарар қабылдады, онда үкметтер БҰҰ-ның техникалық көмек программасын қолдануға шақырылды, комитет мұнымен бірге бұл программа жөніндегі финанс және ұйымдастыру шараларын бекітті.

## Саяси комитетте

НЬЮ-ЙОРК, 25 ноябрь. **(СОТА-ның арнаулы тілшісі).** Кеше Саяси комитеттің күндізгі мәжлісінде Батыс Ириан (жаңа Гвинеяның батыс бөлегі) туралы мәселе онан әрі талқыланды. Австралияның өкілі Спендер Голландияның позициясын қуаттап сөйледі. Ол Батыс Ирианның тағдыры Австралияның мүддесіне де әсер етеді деп мәлімдеді. Өйткені, оның айтуынша, Австралияның хауіпсіздігін Жаңа Гвинеяның хауіпсіздігінен бөлуге болмайды. Мұнымен бірге, Спендер Австралия мен Голландияны жалпы мүдделер байланыстырады деді. Голландияның көзқарасын қорғап, Австралия өкілі істің жайының өзі Батыс Ирианның жергілікті халқының мүдделерін қорғап отырған сияқты етіп көрсетті. Ол Батыс Ириан туралы мәселені осы территория халқының өзінің тілегін еркін білдіруі негізінде ғана шешуге болады деп мәлімдеді. Спендер Голландияның отарлаушы әкімшілік орындары Батыс Ирианның «прогресіне» көмектесті-мыс деп, оның «табыстарын» жер -көкке сыйғызбай мадақтады.

Бельгия өкілі Ван Лангенхове де Батыс Ириандағы Голландияның отарлау үстемдігін сақтауды жақтап сөйледі; ол бұл территория туралы мәселе Голландияның ішкі заң тәртібіне қатысы бар мәселе болып табылады-мыс, сондықтан Біріккен Ұлттар Ұйымының міндетіне жатпайды деді.

Уругвай өкілі Меркес Катеро талқыланып отырған мәселе отаршылдық туралы мәселе болып табылады, отарлау үстемдігіне біржолата шек қойылуға тиіс деп атап көрсетті. Ол талқыланып отырған мәселе бойынша қандай болсын бір қарар қабылдамастан бұрын Саяси комитетте

1931 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, тігін фабрикасы дайындау цехының мастері, «Комсомолка» тігін фабрикасының комсомол ұйымы ұсынған.

2. **Абросимова** Анна Семеновна, 1905 жылы туған, партияда жоқ, Киров атындағы заводтың бақылаушы мастері, осы заводтың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

3. **Агарков** Дмитрий Демьянович, 1921 жылы туған, СОКП мүшесі, спирткомбинаттың шикізат және отын бөлімінің бастығы, спирткомбинаттың Коммунистік партия ұйымы ұсынған.

4. **Аңдамасова** Сатай, 1924 жылы туған, партияда жоқ, «Кожхимик» артелі тері цехының жұмысшысы, осы артельдің мүшелері ұсынған.

5. **Әлмұхаметов** Абдолла Сафиұлы, 1904 жылы туған, СОКП мүшесі, былғары заводының ақау табушысы, осы заводтың партия ұйымы ұсынған.

6. **Анохин** Николай Павлович, 1918 жылы туған, СОКП мүшесі, Киров атындағы заводтың цех мастері, осы заводтың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

7. **Бақтыбаев** Үрістем, 1909 жылы туған, СОКП мүшесі, облыстық баспахананың ратационері, баспахананың партия ұйымы ұсынған.

8. **Бектеміров** Омар Шәріпұлы, 1904 жылы туған, СОКП мүшесі, Сыра заводының қойма меңгерушісі, осы заводтың партия ұйымы ұсынған.

9. **Белокозова** Валентина Александровна, 1906 жылы туған, партияда жоқ, қалалық біріккен аурухананың медициналық сестрасы, осы аурухананың медициналық қызметкерлер коллективі ұсынған.

10. **Васильева** Зинаида Николаевна, 1919 жылы туған, партияда жоқ, ауыл шаруашылығы мектебінің оқытушысы, осы мектептің оқытушы және қызметшілер коллективі ұсынған.

11. **Гнедых** Евдокия Акимовна, 1906 жылы туған, СОКП мүшесі, үй шаруасындағы әйел, «1 май» артелінің партия ұйымы ұсынған.

12. **Горева** Рәшида Абдолқызы, 1925 жылы туған, партияда жоқ, ауыл шаруашылығы мектебі кітапханасының меңгерушісі, осы мектептің оқытушы және қызметкерлер коллективі ұсынған.

13. **Горикова** Александра Петровна, 1904 жылы туған, СОКП мүшесі, № 1 жетіжылдық мектептің директоры, осы мектептің оқытушылар коллективі ұсынған.

14. **Долгих** Анна Романовна, 1906 жылы туған, партияда жоқ, қалалық электр сетінің бухгалтері, қалалық электр сетінің кәсіподақ ұйымы ұсынған.

15. **Еньшин** Иван Иванович, 1915 жылы туған, партияда жоқ, базар басқармасының ет шабушысы, осы басқарманың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

...ның» аға бухгалтері, «Заготзерноның» партия ұйымы ұсынған.

22. **Исеев** Шәукат Ғалымұлы, 1928 жылы туған, партияда жоқ, Сталин атындағы артельдің пішушісі, осы артельдің мүшелері ұсынған.

23. **Каплан** Циля Абрамовна, 1908 жылы туған, СОКП мүшесі, аяқкиім фабрикасы жоспарлау бөлімінің экономисі, осы фабриканың партия ұйымы ұсынған.

24. **Киктев** Иван Семенович, 1912 жылы туған, СОКП мүшесі, «Главсахарторгтың» экспедиторы, сауда базасының партия ұйымы ұсынған.

25. **Киселев** Григорий Петрович, 1913 жылы туған, СОКП мүшесі, слесарь, қалалық партия ұйымы ұсынған.

26. **Коклягина** Анна Давыдовна, 1894 жылы туған, партияда жоқ, үй шаруасындағы әйел, ДОСААФ-тың облыстық комитетінің қызметкерлері коллективі ұсынған.

27. **Конкин** Андрей Андреевич, 1925 жылы туған, СОКП мүшесі, медициналық училищенің оқытушысы, осы училищенің партия ұйымы ұсынған.

28. **Кравченко** Анна Васильевна, 1906 жылы туған, партияда жоқ, «Главмука» завод басқармасының вахтері, осы басқарманың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

29. **Кузнецов** Павел Александрович, 1898 жылы туған, партияда жоқ, темекі фабрикасының бухгалтері, осы фабриканың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

30. **Куницкий** Иван Казимирович, 1908 жылы туған, СОКП мүшесі, облыстық финанс бөлімінің эксперт-бухгалтері, облыстық финанс бөлімінің партия ұйымы ұсынған.

31. **Леонова** Клавдия Георгиевна, 1905 жылы туған, СОКП мүшесі, есепші, кәсіподақ ұйымы ұсынған.

32. **Лоскутова** Наталья Прохоровна, 1913 жылы туған, партияда жоқ, қалалық байланыс мекемесінің телефонисткасы, осы мекеменің бастауыш ДОСААФ ұйымы ұсынған.

33. **Лялькова** Анна Кузьминична, 1915 жылы туған, партияда жоқ, «Ударник» кинотеатрының аға бақылаушысы, осы кинотеатрдың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

34. **Лушникова** Анфиза Дмитриевна, 1918 жылы туған, СОКП мүшесі, Киров атындағы заводтың балалар бақшасының меңгерушісі, осы заводтың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

35. **Лященко** Марфа Денисовна, 1908 жылы туған, партияда жоқ, ет комбинаты шұжық цехының ет сылушысы, осы комбинаттың Қызыл Крест қоғамы ұсынған.

36. **Марочкина** Елена Егоровна, 1929 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, нан комби-

...былғары заводының есепшісі, осы заводтың комсомол ұйымы ұсынған.

42. **Назырова** Ғалия Абдолғазезқызы, 1929 жылы туған, партияда жоқ, «1 май» артелінің бухгалтері, осы артельдің мүшелері ұсынған.

43. **Недоспасов** Василий Филиппович, 1884 жылы туған, партияда жоқ, «Молот» артелінің күзетшісі, осы артельдің мүшелері ұсынған.

44. **Осетров** Александр Иванович, 1911 жылы туған, партияда жоқ, нан комбинатының кочегары, осы комбинаттың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

45. **Пакетова** Мария Сергеевна, 1909 жылы туған, партияда жоқ, «Октябрь» кинотеатрының бақылаушысы, осы кинотеатрдың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

46. **Петухов** Иван Федорович, 1900 жылы туған, СОКП мүшесі, Панфилов атындағы артельдің техникалық бақылау бөлімінің бастығы, осы артельдің партия ұйымы ұсынған.

47. **Поправкин** Николай Федорович, 1924 жылы туған, СОКП мүшесі, ДОСААФ-тың облыстық комитетінің инспекторы, осы мекеменің партия ұйымы ұсынған.

48. **Пуставалов** Аркадий Павлович, 1915 жылы туған, партияда жоқ, облыстық құрылыс- монтаж мекемесінің экспедиторы, осы мекеменің кәсіподақ ұйымы ұсынған.

49. **Решетников** Ефим Федорович, 1908 жылы туған, СОКП мүшесі, облыстық құрылыс-монтаж мекемесінің аға товароведі, осы мекеменің партия ұйымы ұсынған.

50. **Романенко** Иван Александрович, 1896 жылы туған, облыстық статистикалық басқарманың бухгалтері, осы басқарманың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

51. **Рябов** Константин Николаевич, 1915 жыл туған, партияда жоқ, Петропавл совхоздар құрылысы трестінің аға товароведі, осы трестің инженер-техник, жұмысшы және қызметшілер коллективі ұсынған.

52. **Саблина** Анна Дмитриевна, 1924 жылы туған, партияда жоқ, темекі фабрикасының инкассатор-кассирі, осы фабриканың қызметшілер коллективі ұсынған.

53. **Садыков** Федор Сергеевич, 1925 жылы туған, СОКП мүшесі, санитарлық тазалау мекемесінің директоры, қалалық коммуналдық шаруашылық мекемесінің партия ұйымы ұсынған.

54. **Сазонова** Серафима Николаевна, 1908 жыл туған, партияда жоқ, механикалық техникумның коменданты, осы техникумның оқушылар және оқытушылар коллективі ұсынған.

55. **Сеитбеков** Абдрахман Сеитұлы, 1907 жылы туған, СОКП мүшесі, облыстық оқу бөлімі меңгерушісінің орынбаса-

...ұйымы ұсынған.

61. **Татаринцева** Ольга Алексеевна, 1925 жылы туған, партияда жоқ, Киров атындағы завод техникалық бақылау бөлімінің жөндеушісі, осы заводтың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

62. **Терехова** Лидия Эммануиловна, 1927 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, механикалық техникумның бухгалтері, осы техникумның оқытушылар және оқушылар коллективі ұсынған.

63. **Третьякова** Ирина Леонтьевна, 1924 жылы туған, партияда жоқ, пропитщик, кәсіподақ ұйымы ұсынған.

64. **Тынчарова** София Ибрагимқызы, 1931 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, «Комсомолка» тігін фабрикасының тігіншісі, осы фабриканың комсомол ұйымы ұсынған.

65. **Федоров** Виктор Иванович, 1889 жылы туған, партияда жоқ, кеме жасау өнеркәсібі заводының юристі.

66. **Фефелов** Александр Петрович, 1917 жылы туған, партияда жоқ, «Кожхимик» артелінің жұмысшысы, осы артельдің мүшелері ұсынған.

67. **Фрейдензон,** Ефрем Моисеевич, 1892 жылы туған, партияда жоқ, аптека басқармасының бас бухгалтері, осы басқарманың қызметшілер коллективі ұсынған.

68. **Фролов** Игнатий Григорьевич, 1896 жылы туған, партияда жоқ, «Кожхимик» артелінің ағаш шебері, осы артельдің мүшелері ұсынған.

69. **Чупахин** Александр Иванович, 1897 жыл туған, СОКП мүшесі, қалалық электр сетінің бақылаушысы, осы мекеменің партия ұйымы ұсынған.

70. **Шабаловский** Александр Павлович, 1897 жылы туған, партияда жоқ, нан комбинатының ашытқы қайнатушысы, осы комбинаттың жұмысшы және қызметшілер коллективі ұсынған.

71. **Шевченко** Праида Николаевна, 1917 жылы туған, партияда жоқ, Панфилов атындағы артельдің жоспарлаушысы, осы артельдің мүшелері ұсынған.

72. **Шалагина** Антонида Дмитриевна, 1907 жылы туған, СОКП мүшесі, лаборант-инженер, қалалық партия ұйымы ұсынған.

73. **Шепина** Зинаида Дмитриевна, 1897 жылы туған, партияда жоқ, облыстық кітапхананың кітапханашысы, осы кітапхананың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

74. **Щеткин** Алексей Савельевич, 1925 жылы туған, партияда жоқ, слесарь, кәсіподақ ұйымы ұсынған.

75. **Юрин** Виктор Петрович, 1913 жылы туған, СОКП мүшесі, былғары заводы техникалық бақылау бөлімінің бастығы, осы заводтың кәсіподақ ұйымы ұсынған.

**Еңбекшілер депутаттары қалалық Совет атқомінің председателі**
**М. ВОТЯКОВ.**

**Еңбекшілер депутаттары қалалық Совет атқомінің секретары**
**Ю. ПЛОТНИКОВА.**

Бұл жердің халқы, деді Спендер, әзірше өз тағдырын өзі шеше алмайтын болғандықтан Батыс Ирианда қазіргі жағдай сақталып қалуға тиіс. Мұның өзінде Батыс Ириан халқының өкілдерін тыңдау керек деген пікірді қуаттады.

Бүтін Саяси комитет бұл мәселені онан әрі қарайды.

## Совет Үкметінің 1954 жылғы 13 ноябрьдегі нотасына Югославия үкметінің жауабы

24 ноябрьде Югославия Федерациялық Халық Республикасының (ФХР) сыртқы істер жөніндегі Мемлекеттік Секретариаты ССРО-ның Югославиядағы елшілігіне 1954 жылғы 13 ноябрьдегі Совет нотасына Югославия ФХР үкметінің жауабын тапсырды.

Жауапта былай делінген: Югославия ФХР үкметі ССРО Үкметінің «ұсынысы ЮФХР үкметі өте зор маңыз беріп отырған проблемаларға қатысты болып отырғандықтан» бұл ұсынысты зейін салып зерттеді.

«Ашық түрдегі европалық мәселелерді бейбітшілікпен шешуге, ал әсресе европалық елдердің хауіпсіздік мәселесіне пайда келтіретін күш-жігердің қандайын болса да бағалай отырып,—делінген жауап нотада,—Югославия ФХР үкметі Совет Үкметінің ұсынысында айтылған конференция туралы идеяның өзі, сонымен қатар ұсыныстың 23 елге жолданғанын құттықтап, қолдайды және Біріккен Ұлттар Ұйымы Уставының принциптеріне сәйкес мұндай конференция өткізу халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге қосылған едәуір үлес болар еді деп санайды».

Югославия үкметі, екінші жағынан былай деп санайды: «бірқатар европалық елдердің ортақ мүдделі болып табылатын көптеген мәселелер жөніндегі көзқарасы қазіргі уақытта бір-біріне жақындасудан әлі де өте алыс жатыр және европалық елдердің көбі қазіргі кезеңде жоғарыда көрсетілген конференцияға қатысуға әзір емес». Югославия үкметі, егер бұл конференция 13 ноябрьдегі Совет нотасында көрсетілген мерзімінен кейініректе шақырылатын болса, мұның өзі оншама көп болмайды деген көзқарасын білдіреді.

Югославия ФХР үкметі «барлық мүдделі елдердің жоғарыда көрсетілген бағытағы бірлескен күш-жігері, әсресе, егер мұнымен бірге қару-жараққа келісілген шек қоюға ұмтылған талап болған күнде, барлық мүдделі елдердің мүдделері мен талаптарына сәйкес және солардың қатысуымен, осындай конференция өткізу үшін және ең болмағанда кейбір ашық түрдегі европалық мәселелердің келісілген шешімдерін табу үшін қолайлы жағдай тудыруды қамтамасыз ете алады, ал мұның өзі, күмән жоқ, халықаралық шиеленісті жалпы бәсеңдетуге көмектескен болар еді» деп сенетінін мәлімдеді.

**Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**


## Киноларда

**«УДАРНИК» кинотеатрында**

**«ДҰШПАННЫҢ ІЗІМЕН»**

Сеанстар кешкі сағат 5, 6-40, 8-20, 10-да басталады.

**«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында**

**«ОЛАР БЕСЕУ ЕДІ»**

Сеанстар кешкі сағат 4-30, 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

**МЕМЛЕКЕТТІК ЗАЕМДАР ССРО ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРКЕНДЕТУДІҢ БЕСІНШІ БЕСЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ОРЫНДАУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ**

1954 жылғы 30 ноябрьде Москва қаласында Мемлекеттік 3 проценттік ішкі ұтыс заемының 42-ұтыс тиражы өткізіледі.

Тиражда осы заемның 6 разрядына мынадай мөлшерде ұтыс шығады:
50.000 сомнан 12 ұтыс
25.000 сомнан 30 ұтыс.
10.000 сомнан 150 ұтыс
5.000 сомнан 480 ұтыс
1.000 сомнан 4200 ұтыс
400 сомнан 46.128 ұтыс

Барлығы 27901200 сомның 51000 ұтысы шығады.

Мемлекеттік 3 проценттік ішкі ұтыс заемының облигацияларын сатып алыңыздар!

Облигациялар барлық жыйнақ кассаларында сатылады және сатып алынады.

**Мемлекеттік еңбек жыйнақ кассаларының және мемлекеттік кредиттің облыстық басқармасы.**



**РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ:** Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор—1-36, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Ғазет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УЦ 02904 Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.